# БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ МЕРЕКЕСІ


Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 СӘУІР СЕНБІ | 2017 жыл №63-64 (19349-19350) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Қадірлі жерлестер!**

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың «Ырыс алды – ынтымақ» деген қанатты сөзінің астарында үлкен мән бар. Ел бірлігі, достық пен бауырмалдық, бейбіт күннің, татулықтың темірқазығындай ең басты құндылық – бекем бірлік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Қазірде қазақ елі – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен ұстанымы бар, берекесі мен бірлігі жарасқан табысты мемлекет». Біз – бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз.

Еліміздегі қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміздің экономикасы өркендеп, әлеумет ілгері басып келеді. Қоғамда тұрақтылық пен тыныштықтың сақталуы елімізде демократиялық мемлекет құруға және алға өрлеуге зор ықпал етуде. Елбасының көреген саясатының арқасында бүгінде 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Құрметті қызылордалықтар!

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің басты байлығымыз. Бұл жетістіктерді бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір Қазақстан азаматының міндеті болып табылады. Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде ел бірлігін сақтауға атсалысайық!

Бірлік мерекесі қарсаңында Сіздерге бақыт, зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Бейбіт өмірдің берекесі, халқымыздың ынтымақ-бірлігі арта берсін!

**Құрметпен, Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЛЕКЦИЯСЫ

# ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСАЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

**Облыс әкімі, саяси ғылымдар докторы Қырымбек Көшербаев «Достық үйінде» «Тәуелсіз Қазақстан этносаясатының қалыптасуы» тақырыбында лекция оқыды.**

Аймақ басшысы лекциясын Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласымен байланыстырып, мақаланың рухани жаңғыруымыздың негізгі бағыттарын айқындап бергенін атап өтті.

Жаһандану заманы әрбір ұлтты өзін-өзі тануға, өз келбетін нақтылауға ұмтылдырып отыр. Қ.Көшербаев тәуелсіздік алған тұста қазақтың саны 39 пайыз болса, бүгінгі күні 68 пайыздан асқанын, мемлекет құраушы ұлттың басымдыққа ие болуы ұлттың тарихи санасына деген сұранысын арттыратынын айтты.

– Ұлттық код – бұл әр мемлекеттің, әр ұлттың рухани кілті болып табылады. Ұлттық кодымыз қандай дегенде, алдымен атадан қалған асыл сөздер, абыройлы істер еске түсер. Ол – тамырын тереңге тартқан тарихымыздың әр қатпарынан бүгінге жеткен Мөңке, Әйтеке, Қазыбек, Төле билер, ұлы Абай мен Мұхтар, Ахмет пен Магжан, Әбіш пен Қадыр, кешегі өткен Сыр сүлейлері, бүгінгі Әбдіжәміл. Ол – Жалаңтөс пен Жанқожа, Исатай мен Махамбет, – деді ол.

Елбасы Президент жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойды. Облыста Елбасының бағдарламалық мақаласын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалды, қазақ әліпбиінің жаңа графикасын жасауға ұсыныс беру мақсатында жұмысшы топ құрылды.

Ұлт Көшбасшысының күні кеше өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25-сессиясын «Жаңғырудың негізі – тұрақтылық, бірлік, келісім» тақырыбында шақыруының өзі осының заңды жалғасы. Сессияда Ассамблеяға қоғамдық сананы жаңғыртуға, «Туған жер», «Жаңа 100 есім», «Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет» жобаларына үлес қосады деген сенім артылды.

Аталған мақалада Елбасы білім, мәдениет, ғылым сияқты рухани құндылықтарымызды арттыру жолдарын ұсынды. Тұтас ұлттың бәсекеге қабілеттілігі әрбір адамның бәсекеге қабілеттілігінен басталады. Ұлттық мәдениетті сақтамай сананы жаңғырту мүмкін емес. Мәдениет пен тілді, музыка мен әдебиетті, ұлттық рухты сақтау арқылы ұлт өз мұратына жетеді.

Латын қарпіне кезең-кезеңмен көшу – уақыт талабы. Қазақ тіліне аударылған әлемнің 100 үздік оқулығын студенттер 2018-2019 жылдары қолдана бастайды. «Туған жер» жобасына туып-өскен топырағын жақсы көретін, жаны ашитын бизнесмендер, зиялы қауым өкілдері мен жастар қатысады деп күтілуде. Жастардың басты мақсаты білім алумен ұштасуы тиіс. Өйткені Елбасы айтқандай, «құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Одан әрі аймақ басшысы еліміздің этносаралық бірлік пен қоғамдық келісім саясатының дүниежүзінің қызығушылығын туғызған бірегей модельге айналғанына тоқталды. Қазақстан барлық этностардың тілдерін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын сақтауға, дамытуға жағдай жасап, тіл мәселесін өз ішінде этносаралық қатынастарды шиеленістірмей шешті. Соның арқасында 130-дан астам этнос бір шаңырақ астында берекелі бірлікте, тату тірлікте өмір сүруде.

– Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты, – деді аймақ басшысы.

Ассамблея тарихына, саяси институттың консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейінгі аралықтағы жолына шолу жасады.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, мемлекеттік этносаясат халықтың бірлігі мен біртұтастығы идеясымен өмір сүріп келеді. Еліміздегі қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылық уақытпен тексеріліп, тәжірибемен дәлелденді, әлемде мойындалды. Қазақстан қазіргі заманның ең өткір мәселесіне бір елде өмір сүретін этностарды бөліп-жармай, қақтығыстарға жол бермей, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтай отырып өз жауабын берді.

Қ.Көшербаев мемлекеттік этносаясаттың қалыптасу және даму процесін 6 кезеңге бөліп қарастырды. Бірінші кезең – 1991 –1995 жылдары қоғамдық келісім мен этносаралық интеграцияның негізгі қағидалары жинақталды. Екінші кезең – 1995 – 2002 жылдары Ассамблеяның маңызды рөлі белгіленді. Үшінші кезең – 2002-2007 жылдары этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі қалыптасып, бірқатар нормативтік және бағдарламалық құжаттар қабылданды. Төртінші кезең – 2007-2010 жылдар қазақстандық қоғамның бір халық болып интеграциялануымен есте қалды. Бұл кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық статус алды. «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы заң шықты. 2010 жылы басталған бесінші кезеңде қоғамдық келісімді нығайтудың, саяси тұрақтылық пен этносаралық толеранттылықты одан әрі қалыптастырудың жаңа трендтерін айқындаған саяси құжаттар қабылданды.

«Қазақстан - 2050», «2025 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасы» стратегиялары қабылданған уақыт алтыншы кезеңді сипаттайды.

Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің тұжырымдамасы әлемнің 50 тіліне аударылған. Бұл – ең алдымен еліміздің Ұлт Көшбасшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың этносаралық, конфессияаралық келісім негізінде қоғамдағы тұрақтылыққа бағытталған сындарлы саясатының жемісі.

– «Біздің «осал тұсымыз» деп аталған көпэтностылығымыз бен көпконфессиялығымызды өз артықшылығымызға айналдыра алдық», – деп Елбасы атап көрсеткендей, қазіргі таңда бірлігі берекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болатынын жаһандану дәуірі көрсетіп отыр. Елбасының төл туындысы іспеттес Ассамблеяның тәуелсіздік жылдарында құрылымдары кеңейіп, ауқымы арта түсті,– деді облыс әкімі.

3-бет

## Ақтөбеліктер алғысы

**Құрметті Қырымбек Елеуұлы!**
**Қадірменді қызылордалықтар!**

Биылғы көктемдегі су тасқыны салдары Ақтөбе қаласының тұрғындарына да біраз қиындықтар тудырғаны еліміздің күллі жұртшылығын алаңдатқанын жақсы білеміз. Жергілікті билік сол күндерде тұрғынжайларын су басып кеткен, баспаналары тұруға жарамсыз болып қалған отбасыларымен бірге болып, олардың бастарына түскен ауырлықтарды бірге көтерісті, мүмкіндігінше жағдайларын жасады. Бірде-бір адам назардан тыс қалған жоқ.

Осындай сәттерде алыстағы ағайынның да жанашырлық танытып, көмек қолын созып жатқаны біздің мерейімізді өсірді, мәртебемізді асырды. Алғашқылардың қатарында қашаннан іргеміз ажырамаған, дәм-тұзымыз бөлінбеген Сыр елінің азаматтары қимыл көрсеткеніне бір ерекше ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Ұлы жолдың бойымен 8 көлікке тиелген 60 тонна азық-түлік пен киім-кешек жеткізілуі көңілдерін кіреуке басқан, жаны жабырқаулы адамдарға ерекше күш берді, олардың жүрегін жылытты. Олар өздерінің тағдырына алаңдап отырған дос көңілді, адал ниетті жандар бар екендігін сезінді.

Елдің елдігі осындай сәтте көрінсе керек. «Ағайын қуанышта да бір, қайғыда да бір» дейді қазақта.

Сіздерге ақтөбеліктердің шын көңілден шыққан алғысын жеткіземіз. Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Бейбіт күндегі еңбектеріңіз баянды, жұмыстарыңыз жемісті болсын!

**Құрметпен, Ақтөбе облысының әкімі Б. САПАРБАЕВ.**

# 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар бағдарламасы

| № | Іс-шара атауы | Мерзімі | Өтетін орны |
|---|---|---|---|
| 1. | 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қазақстан – достық мекені» атты кітап көрмесі | 28 сәуір - 3 мамыр аралығы | Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы |
| 2. | «Бейбітшілік пен бірлік жастары» атты облыстық жастар акциясы | 29 сәуір, сағат: 10.00 | «Достық Үйі» ғимараты |
| 3. | Қазақстан халқы бірлігі күніне орай мәдени көпшілік іс-шара және ұлттық ойындар мен спорттық сайыстардан жарыстар, жалпыхалықтық серуен | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Қызылорда қаласының орталық алаңы |
| 4. | Облыстық этно-мәдени орталықтардың қатысуымен «Татулық тірегі – Сыр елі» атты форум | 1 мамыр, сағат: 10.00 | «Достық Үйі» ғимаратының алды (Қызылорда қаласы) |
| 5. | Қызылорда қалалық мәдени-демалыс паркінің маусымдық ашылу салтанаты | 1 мамыр, сағат: 11.30 | Қалалық мәдени-демалыс паркі |
| 6. | «Менің Елім!» атты облыс жастарының мотошеруі | 1 мамыр, сағат: 13.00 | «Сыр Ана» монументі мен Тағзым алаңына дейін |
| 7. | «Қазақстан халқының шәй ішу дәстүрі» атты көрме | 1 мамыр, 15.00 | Облыстық тарихи өлкетану музейі |
| 8. | «Достық әуені» атты облыстық филармонияның «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблінің концерті | 1 мамыр, сағат: 20.00 | Қалалық мәдени-демалыс паркі |
| 9. | «Қазақстан – достық шаңырағы» атты салтанатты шара | 1 мамыр, сағат: 11.00 | Шиелі аудандық орталық алаңы |
| 10. | «Қазақ елі – татулық мекені» атты салтанатты шара, театрландырылған қойылым | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Жалағаш аудандық орталық алаңы |
| 11. | «Менің елім – Мәңгілік ел» атты мерекелік шара | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Қармақшы аудандық орталық алаңы |
| 12. | «Иә, біз бауырлармыз!» мерекелік театрландырылған қойылым, мәдени көпшілік шара | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Сырдария аудандық орталық алаңы |
| 13. | «Елдіктің асыл мұраты – достықтың нұрлы шырағы» атты мәдени көпшілік шара | 1 мамыр, сағат: 09.00 | Жаңақорған аудандық орталық алаңы |
| 14. | «Қазақстан – татулық пен достықтың мекені» атты достық шеруі | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Арал аудандық орталық алаңы |
| 15. | «Достық әнін жырлайық» атты мерекелік концерт кешкілік серуен | 1 мамыр, сағат:20.00 | Арал аудандық орталық алаңы |
| 16. | «Ынтымақ – достық кепілі» атты мерекелік шара | 1 мамыр, сағат: 10.00 | Қазалы аудандық орталық алаңы |
| 17. | Мереке күніне орай барлық қала, аудан, елді мекен орталықтарында театрландырылған қойылым, концерт, мәдени-көпшілік серуен өтеді | 28 сәуір - 2 мамыр аралығы | Қызылорда қаласы және аудандарда, елді мекендерде |

# СУ – ТІЛСІЗ ЖАУ

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

● ТЖ ШТАБЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

## ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

**Бұған дейін хабарланғандай, «Шардарадан» жіберілер мол су дарияны тасытуы мүмкін екендігі болжануда. Сәрсенбінің кешінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев төтенше жағдайлар штабының жедел мәжілісін өткізіп, тиісті тапсырмалар берген болатын. Бүгінде дария деңгейі бақылауға алынып, өзен бойындағы осал тұстар нығайтылып, қауіпті аймақтардағы қорғаныс бөгеттері қымталып жатыр. Мәліметтерге сәйкес, 30 сәуір күні «Шардара» су қоймасынан төменге секундына 1600-ден астам текше метр су жіберіледі. Мамыр айының алғашқы он күндігінде бұл көрсеткіш 1800-2000-ға дейін жетуі ықтимал. Осынша мол суды шығынсыз өткізу үшін аймақ басшысы жұмысты жұмыла атқаруымыз қажеттігін тапсырды. Иә, тасқынға тосқауыл қою үшін тас-түйін дайындық жасау керек. Алдын ала есептеулер бойынша су 375 мың халық тұратын 56 елді мекенге қауіп төндіруі ықтимал. Ауылшаруашылық жерлері мен малшылар қоныстарына да өз зардабын тигізбей қоймайтыны анық. Аймақ басшысы штаб отырысында аудан әкімдері мен жауапты мекемелерге барлық көмектің жасалатынын мәлімдеді. Сондай-ақ, мол суды көлдер мен каналдарға, жайылымдық-шабындық жерлерге жіберуде тиянақтылық қажеттігіне баса назар аударды. Әрине, мал-жанның амандығы үшін бар мүмкіндік іске қосылуы тиіс. Ел болып, бірлесе әрекет етсек, бұл қиындықты да еңсеретініміз сөзсіз.**

**Кеше аймақтағы бір топ БАҚ өкілдері Сырдария, Жалағаш аудандарындағы қолға алынған жұмыстармен танысып қайтқан еді.**

Көрген көзге дария жарықтық бейқам секілді. Шөлпілдеген су соншалықты қорқынышты кейіп танытпағанымен, өзеннің өзгеруі қапелімде көрінеді. Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Бақытжан Лекеров БАҚ өкілдерін «Қарой» деп аталатын учаскеге алып барды. 50-ге жуық адам бөгеттің үстіне құм толтырылған қап төсеп жатыр екен. Құм жеткізер ауыр көліктің әрі-бері жүруі қиын, бір бағытта ғана қозғалады. Дария қалың тоғайдан көзге көрінер емес, шамасы 500 метр қашықтықта жатыр. Ал, жайылар судан қорғанар бөгеттің етегінде емпілдеген су жатыр.

– Бізге секундына 600 текше метрден астам су келген уақытта дария арнасынан асып, осы бөгетке келіп тіреледі. Мынау – қайтқаннан кейінгі қалған су, қазір секундына 453 текше метр су өткізілуде. Байқағандарыңыздай, бөгеттің бос биіктігі бір жарым метрдей, егер секундына 700 текше метр су келсе, бөгеттің бетін шаюы ықтимал. Одан кейін ұстап тұру қиынға соғады. Ал, құм толтырылған қап оған жол бере қоймайды, - дейді аудан әкімінің орынбасары.

Оның сөзінше, мол су аудандағы 3 елді мекенге қатер төндіруі мүмкін. Олар – Тереңөзек кенті, Қалжан ахун және Нағи Ілиясов ауылдары.

– Осы жылы аудандық бюджеттің шұғыл шығындары резервінен 58 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, соның 29 миллионына ақпан-наурыз айларында қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстары жүргізілген болатын. Қазіргі таңда қалыптасқан жағдайға байланысты іс-шаралар қолға алынды. Жоғарыда атап өткен 3 елді мекеннің тұрғындарына ескертпе хаттар, хабарламалар таратылып берілді. Бүгінгі таңда қорғаныс бөгеттерінің 7 тұсында нығайту жұмыстары жүріп жатыр. Атап айтсақ, Н.Ілиясов ауылындағы «Ысқақ қайыр» учаскесінде – 60 адам, Шаған елді мекеніне қарасты «Мақсұм сейітте» 88 адам жұмыс істеуде. Қазір Сырдария өзенінің оң жақ жағалау қорғаныс бөгетінде тұрмыз. Бұл жерде 5 қауіпті учаске бар, біз тұрған жер «Қарой» деп аталады. Ауданда қазір 15000 қап, 1000 пашын, 500 қада қоры жасақталған. Жанар-жағармайдың мәселесі шешілген. Бүгін аудандық балалар лагері тұсынан 1,3 шақырым қорғаныс бөгетін нығайту жұмыстары басталып кетті. Жұмыс жасап жатқанымызға қазір – төртінші күн, – деді Бақытжан Лекеров.

Сонан соң, журналистер қауымы Қалжан ахун ауылы жұртшылығымен кездесті. Біз төтенше жағдай қызметкерлері ескертпе хат таратып жатқан сәттің үстінен түстік. Ауыл тұрғыны Дастан Досығұлов қалыптасқан жағдайдан хабардар екендігін, су тасыған жағдайда ережеге сәйкес әрекет етуге отбасы дайын екендігін жеткізді.

Жалағаш ауданындағы жағдайға қанығу үшін БАҚ өкілдері Шәменов атындағы ауылға табан тіреді. Өйткені, ауыл – су басу қаупі төніп тұрған мекеннің бірі. «Қалғандария» учаскесі деп аталатын аймақ – ауылдың іргесінде. Мұндағы мәселе мол су жағаға соққан сайын бөгетті мүжіп, жұқарта бастаған. Оған жол бермеу үшін жиылған жұрт қадамен бау қамыс тұрғызып, етегін құм толтырылған қаптармен бекітіп жатыр.

– Мына тұрғызылған бау қамыстар кейін тамырлаған шөптермен бірге мықты қорғанысқа айналып, уақыт өткен сайын мықтылығы арта түседі. Қазіргі күні қорғаныс бөгеттерін нығайту үшін жұмылдырылған азаматтар 2 ауысымда қызмет етуде. Таң атқаннан күн батқанға дейін тынып жатқан жоқ. Жалпы, Жалағаш ауданы территориясында дария бойынша оң жағалауда – 54,4 шақырым, сол жағалауда 29,1 шақырым қорғаныс бөгеттері бар. Ауданда су басу аймағы шамамен 70 мың гектар деп отырмыз. Су алу қаупі бар аймақтарға Жалағаш кентінің Дәуімбай учаскесі, Ақсу, Шәменов, Таң ауылдары және Далдабай елді мекендері кіреді. Оларда 7000 мыңға жуық халық тұрады. Бүгінгі күні осал қорғаныс бөгеттерді қалпына келтіріп, нығайту жұмыстары барлық учаскеде қолға алынды. Әрбір учаскеге 6 мекемеден бекітілген, тәулік бойы су деңгейі қадағаланып отыр, – дейді Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Алтынбек Дәрібаев.

Дария бойындағы «Қалғандария» учаскесі деп аталатын қорғаныс бөгетінің 500 метрдей тұсын нығайтып жатқан тұрғындар саны 200-ге жуық. Облыстан, ауданнан келгендері бар, сондай-ақ, ауыл тұрғындары да бір адамдай еңбек етіп жатыр.

– Ауыл тұрғындары жауапты іске өз үлестерін қосуда. Жастары қол көмектерін берсе, үлкендері ас-суларын әкеліп беруде. Кеше бір тұрғын бастама көтеріп 200 бау қамысын қорға берді. Сондай-ақ, біз қазіргі күні жекеменшіктегі 28 техниканы пайдаланудамыз. Мұның өзі – үлкен көмек, – дейді аудан әкімінің орынбасары.

Сапардан түйгеніміз, халық көңілінде үрей байқалмайды. Керісінше, осындай қиын сәтте бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып, жауапкершілік пен елжандылық танытып, ауызбіршілікпен, ұйымшылдықпен еңбек етуде екендігін аңғартты. Бірлігі бекем ел қандай қиындықтарды да еңсереді.

**Нағымжан САУЯЕВ.**
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ** (сурет).

● БРИФИНГ

**«Шардара» мен «Көксарай» су қоймаларының суға толуы, жауын-шашынның көбеюі сырбойылықтар үшін қауіпті болып тұр. Бұл туралы сейсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте тиісті сала өкілдері мәлімдеді.**

## СУ БАСУ ҚАУПІ БАР 56 ЕЛДІ МЕКЕН АНЫҚТАЛДЫ

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов аймақта су басу қаупі бар 56 елді мекен анықталғанын айтты. Ал бұл – 375 мың адам, 79 мың тұрғын үй және 247 мың мал, беті аулақ, бірақ төтенше жағдай кезінде су астында қалуы мүмкін деген сөз. Тұрғындар хабарсыз емес. Сергектік пен сақтық керек, бастысы. Азаматтық қорғау құрылымдарының жұмысы күшейтілді.

– Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аудандарда жедел штабтар құрылды. Қауіпті учаскелерде 68 техника, 680 адам жұмыс жасап жатыр. Бірінші кезекте қорғаныс бөгеттері күшейтіледі. 82 эвакуациялық жинақ пен 96 эвакуациялық қабылдау пункті дайындалды, – деді басқарма басшысы.

Табиғи факторларға байланысты Сырдария өзенінің төменгі ағысына облыс шекарасындағы «Көктөбе» су бекетінен секундына 1300 текше метр су өтіп жатыр. Алдын ала есеп бойынша алдағы күндері бұл 1600-ге дейін көбейеді. «Қазгидромет» (Қазақстан) пен «Узгидрометтің» (Өзбекстан) ресми мәліметіне сүйенген «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Әділхан Қарлыханов облыс аумағына келетін су мөлшері секундына 1800-2000 текше метрге дейін жоғарылауы мүмкін екенін қаперге салды. Қауіптің алдын алу мақсатында Шиеліде «Күмісқеткен» су қоймасын салу көзделген. Қазір мұнда 60 текше метр су келіп түсіп жатыр. Негізі қойма 600 миллион текше метрге дейін су сақтауға лайықталған.

– Бүгінде қауіпті аумақтардағы көлдер жүйесі мен ескі су арналарының өткізгіштік қабілеті зерттелу үстінде. Мамандар Шиелі ауданындағы Бұлақтықөл, Парша, Қалғандария арналарының жағдайын анықтап жатыр. «Нәнсай» арнасының су өткізу қабілетін секундына 20 текше метрге дейін арттыру үшін тазарту және ауқымын кеңейту механизмі жұмыс істеуде, – деді Ә.Қарлыханов.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержанов мол су келе жатқаны туралы он шақты күн бұрын 112 нөмірі арқылы жергілікті жұртқа хабарлама жолданғанын жеткізді. Одан бөлек, департаменттің дағдарыс орталығында облыстық жедел штаб құрылды. Онда 30-71-54 және 55-10-99 нөмірлі телефондар орналасқан. Барлық аудан мен қалада қауіпсіздік шараларына пайдаланылатын материалдық-техникалық қорлар әзірленді.

– Егер тұрғындарды тез арада көшіру керек болса, 237 адам, 47 техника дайын тұр. Арал ауданы мен Жаңақорған аралығында мобильді топ жұмыс істейді, – деді департамент бастығы.

Брифингте сонымен қатар «ҚазСуШар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалы басшысының орынбасары Жорабек Ерназаров қауіпті сейілту бағытында қолға алынған жұмыс туралы айтып берді.

– Аудандар мен облыс орталығында қандай осал жерлер бар, оған қанша мөлшерде техника, қанша топырақ керек, не жұмыс атқаруымыз керек – осы жағын зерттеп-зерделеп жатырмыз. Басты мақсат – сақтық шараларын күшейтіп, осы сынақтан аманесен өту, – деді Ж.Ерназаров.

**Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.**

ПІКІР-ПАЙЫМ

## ДАРИЯ ЖАҒДАЙЫ

Бүгінгі күні «Шардара» су қоймасындағы су көлемі 4879 млн текше метр. 2016 жылы 4900 млн текше метр, яғни, былтырғымен салыстырғанда 21 млн текше метрге кем. Қоймаға түсіп жатқан су көлемі секундына 1605 текше метр, (2016 жылы секундына 310 текше метр) былтырғымен салыстырғанда секундына 1295 текше метр артық. Ал төменге тасталып жатқан су көлемі секундына 1400 текше метр. 2016 жылы секундына 100 текше метр ғана тасталып тұрған болатын. Демек,биыл былтырғымен салыстырғанда секундына 1300 текше метр артық жіберілуде.

2016 жылы Арнасай ойпаты жабық болса, бүгінде тасталып жатқан су көлемі секундына 250 текше метр. «Көксарай» су реттегішіндегі су көлемі 2883,72 млн текше метр, (2016 жылы 2195,71 млн текше метр), былтырғымен салыстырғанда 688,01 млн текше метрге артық. Арыс өзенімен Сырдария өзеніне түсіп жатқан су көлемі секундына 203 текше метр (2016 жылы секундына 61 текше метр).

«Қызылорда су торабының» төменгі ағысына жіберілген су көлемі секундына 600 текше метр ( 2016 жылы секундына 88 текше метр), былтырғымен салыстырғанда секундына 512 текше метр артық.

«Қызылорда су торабына» дейін алынып жатқан су көлемі секундына 403,2 текше метр (2016 жылы секундына 200 текше метр), былтырғымен салыстырғанда секундына 203,2 текше метр артық.

«Әйтеке» су торабының төменгі ағысына жіберілген су көлемі секундына 451 текше метр ( 2016 жылы секундына 15 текше метр), былтырғымен салыстырғанда секундына 436 текше метр артық. Қараөзек арнасымен жіберіліп жатқан су көлемі секундына 130 текше метр (2016 жылы секундына 58 текше метр).

«Қазалы» су торабының төменгі ағысына жіберілген су көлемі секундына 514 текше метр ( 2016 жылы секундына 103 текше метр), былтырғымен салыстырғанда секундына 411 текше метр артық. Қазалы су торабына дейін алынып жатқан су көлемі секундына 78,99 текше метр ( 2016 жылы секундына 27,23 текше метр), былтырғымен салыстырғанда секундына 51,76 текше метр артық.

«Шардара» су қоймасына мол судың келуінен, өзеннің төменгі ағысына секундына 1400 текше метр су жіберілуде. Сырдария өзенімен келіп жатқан мол суды қауіпсіз өткізу шаралары жасалып, мол су шабындыққа, көлдер жүйелеріне, экологиялық жағдайды жақсартуға жіберілуде. Қазіргі таңда, Қызылорда облысына («Көктөбе» су бекетінен) Сырдария өзенімен секундына 1400, 1600 және 1800 текше метр су келген жағдайда мол суды апатсыз өткізу мақсатында каналдардың су алу кестесі жасалып, бұл іс-шаралардың барлығы Қызылорда облысы әкімінің орынбасарымен бекітілді. Мол суды қауіпсіз өткізу іс-шараларын қарастыру жөнінде барлық аудан әкімдеріне ескертілді.

**Әділхан ҚАРЛЫХАНОВ,**
**«Арал-Сырдария» бассейндік су шаруашылығы инспекциясының басшысы.**

## СУДЫ ҚАДАҒАЛАСА, ҚАУІП СЕЙІЛЕДІ

Биылғы көктем судың молдығымен, жоғары жақта жауын-шашын көптігімен ерекшеленіп тұр. Су қоймалары толған. Облыс басшылығы осы саладағы ат үстінде жүрген азаматтарды, ардагерлерді жинап, әр жағдайды бүге-шігесіне дейін есептеді. Мұндайда оңтүстік екі аудандағы каналдарға суды бөліп беріп, «Қызылорда су торабынан» секундына 900-950 текше метр суды төмен жіберу керек. Одан артып кетсе, Сырдария, Жалағаш аудандарындағы қорғаныс бөгеттері шыдас бермейді. Алдағы күндері су көлемі секундына 2000 текше метрге көтеріледі деген мәлімет бар. Оңтүстікте «Сумағар», «Келінтөбе», «Тайпаққол», «Жаңа Шиелі» каналдары, «Күмісқеткен», «Тарша» ойпаттары бар. Осыларға қанша су жіберуді, арнадағы судың жоғалуын, яғни судың сіңуін, аспанға ұшуын, жайылуын есептей келіп, алаңдауға негіз жоқ екеніне көзіміз жетті. Су жайылатын жер Шиелі ауданында көп. Бір айтарым, мол су – береке, жер жаңарады, соры шайылады, көгі қалыңдайды.

Бірақ, бұл қамсыз отыра берсек те болады деген сөз емес. Облыс әкімдігінде өткен мәжілісте бекітілген кесте бойынша жұмыс атқарылса, мол суды шығынсыз өткізуге мүмкіндік бар.

Мұндай жағдай, яғни жоғарыдан секундына 2000 текше метр су түсуі шамамен 1955 жылдары болған. Бірақ ерте көктем, дарияны мұз буып тұрған кез екен. Қазір күн жылы, дария мұздан таза. Осы күндері «Қызылорда» су торабынан төмендегі судың абсолюттік деңгейі 126,50 бағамында тұр. Дамбының биіктігі – 130, бізде әлі 2,5 метр бар. Жоғарыдан түсіп жатқан секундына 600 текше метрге тағы 300 текше метр қосылатын болса, орта есеппен әр сантиметрге 5 текше метр кетеді деп есептесек, әрі кетсе 60 сантиметр көтеріледі. Қазіргі деңгейден 60-80 сантиметрге көтерілгеннің өзінде қауіп тудырмайды.

Дария шіреп аққанмен, «Әйтектің» жанындағы су торабын пайдаланып, суды барынша «Қараөзекке» айдау керек. Ақылдаса отырып жасалған кестедегі тәртіп қатаң сақталып, барлығы жіті қадағалауда болса, мол судан келген қатерді еңсеретініміз анық.

Тәжірибемнен айтайын, 1993-1994 жылғы қатал қыс естеріңізде шығар. Сол жылы секундына 1500 текше метр су келді. Ол кезде қазіргі Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның тұсындағы жердің абсолюттік деңгейі 127 еді. Ал дамбының биіктігі 127,50 тұғын. Қыс қатты болды, 600-700 текше метр су түсті. Сол жылы бірінші рет қыстың күні суармалы каналдарды ашып жібердік. Мұз су құрылыстарына барып тірелгенде, оны алатын қазіргідей техника жоқ. Бірақ, елді су апатынан аман алып шықтық.

Қазір азаматтар түгел жағдайды бақылап отыр. Жұмыс кестесі егжей-тегжейлі жоспарланған. Сондықтан бұл сынақтан аман-есен өтетінімізге сенімдімін.

**Әбдіманап ҚҰТЖАНОВ,**
**ҚР еңбек сіңірген қайраткері.**

### СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

«Шардара» су қоймасынан Сырдария өзеніне мол судың келуіне байланысты Сырдария өзенінде су көлемінің көбеюі уақытында кейбір аумақтарда су алу қаупі төнуі мүмкін. Егер сіздің тұрғын үйіңіз орналасқан аумақты су басу қауіпі бар екендігі анықталған жағдайда дереу жергілікті әкімшілікке немесе төтенше жағдайлар мекемесіне хабарласу қажет. Сіз тұратын тұрғын аудан су қаупі бар аймақ саналатын болса, алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізген жөн.

### СУ ТАСҚЫНЫНА ДЕЙІН

– азық-түлік, су, қажетті заттардың, дәрі-дәрмектердің және құтқару құралдарының қорын алдын ала қарастырыңыз;

– құжаттарды дайындаңыз, егерде жас балаларыңыз болса, оларға аты-жөні, туылған жылы және мекен-жайы көрсетілген бирка жасаңыз;

– өздеріңізге жақын орналасқан қауіпті орынды және оған жететін қысқаша жолды белгілеңіз;

– хабарландыру дабылдарына, гидрометео мәліметтеріне назар аударыңыз;

– жергілікті атқарушы органдарынан көшіру-жиналу пунктінің мекен-жайын анықтап алыңыз.

**Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар департаменті.**

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

## СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

### СУ ТАСҚЫНЫ БОЛҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер сіздің үйіңіз су басатын аймаққа жатады деп хабарланса:

1. газ, су, электр жүйесін өшіру керек;
2. пештегі отты сөндіру қажет;
3. жоғарғы қабатқа немесе үйдің шатырына бағалы заттар мен бұйымдарды шығару керек;
4. есік, терезелерді жауып, төменгі қабаттағы үйлердің есік, терезелерін ағашпен қағып тастау қажет.

### ЕГЕР ҚОНЫС АУДАРУ ЖАЙЛЫ ХАБАР АЛСАҢЫЗ:

1. жылы, ыңғайлы киім, етік, көрпе, ақша және бағалы заттарды дайындап қойыңыз;
2. үш күндік тамақ дайындаңыз;
3. алғашқы медициналық көмекке қажетті, өзіңіз қолданатын дәрі-дәрмектерді дайындау;
4. жеке куәліктер мен қажетті құжаттарды су өтпейтін қалтаға салу керек;
5. төсек орын және жеке өзіңізге қажетті заттарды өзіңізбен бірге алу керек.

Барлық заттарыңыз бен тамақты рюкзакқа, чемоданға немесе үлкен сөмкеге салған дұрыс. Қауіпті аумақтан қайда, қалай (көлікпен, жаяу) бару керектігі хабарланады. Соңғы қоныс аудару пунктіне міндетті түрде тіркелу қажет.

### СУ КЕНЕТТЕН ҚАТТЫ КӨТЕРІЛГЕНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Біріншіден – үйді қорғап қалу шараларын жасап, қоныс аударуға дайындалу керек.

Екіншіден – неғұрлым тезірек биік жерге орналасу керек. Қоныс аударуға қажетті заттарды дайындап қойған абзал.

Қайықтан басқа жүзуге жарайтын бөшке, бөрене ағашы, есіктер, автокөлік камералары, т.с.с. заттарды дайындау керек.

Көмек келгенше немесе су тасқыны басталғанша жоғарғы қабатта, шатырда, ағаш басында болған дұрыс. Құтқарушылар тобы тезірек табу үшін күндіз жоғары жерге немесе ашық түсті мата байлап қою керек, түнде – жарық беріп тұрған абзал.

Құтқарушылар келіп жеткенде қайыққа, катерге біртіндеп өтіп орналасу керек. Су үстінде орын ауыстыруға, жүруге, бортқа отыруға болмайды.

Су басқан ауданнан өздігінен тек басқа амал болмаған жағдайда немесе біреуге медициналық (дәрігерлік) көмек керек болған жағдайда, су қатты көтеріліп немесе құтқарушылар келмейтініне көз жеткенде ғана өтуге болады.

### ӘРДАЙЫМ МЫНАНЫ ҰМЫТПАУ КЕРЕК:

Суға түскен тағамды жеуге болмайды, су басқан құдықтың суы тазармайынша ішуге болмайды. Өлген жануарлар жайлы жергілікті басшыларға хабарлау керек.

Ауыз суды, су болған тағамдарды санитарлық қызмет орындары тексергеннен кейін ғана қолданған дұрыс.

# ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСАЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аймақта 2014 жылы Елбасы тапсырмасына сәйкес облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Біздің өңірде ғана аудандар бойынша аталған мекеменің этносаралық мәселелер жөніндегі эксперттердің жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі бүгінде республикаға кеңінен таралды.

Облыстық ассамблея жұмысының мазмұнын тереңдету мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылды. 2015 жылы «Достық» үйі пайдалануға берілді. Сондай-ақ, облыстық ассамблеяның құрылымдары өңірдегі берекелі бірлік пен ынтымақты тірліктің қалыптасуына, қоғамдық келісімнің нығаюына жұмыс жасауда.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауында Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан біздің облыстан тұңғыш рет депутат ретінде облыстық ассамблеяның Аналар кеңесінің төрайымы Н.Жұмаділдаева сайланды. Сонымен бірге, облыстық «Сыр үміті» жастар сыйлығының иегері Г.Шиповских Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ең жас депутаты атанды. Бұл – облыстық ассамблеяның жетістігі, аймағымыздың абыройы.

Біз бүгін бір ел, бір халық екенімізді толық сеніммен айта аламыз. Өйткені ортақ Отанымыз, туған жеріміз – Қазақстанның өркендеуі жолында бірлікті ту етіп келеміз.

Лекция соңында аймақ басшысы жиналғандарды Қазақстан халқы бірлігі күнімен құттықтап, елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, деп тілек айтты.

Келесі кезекте тыңдаушылар облыс басшысына өз сауалдарын қойды.

**Самал Кенжебаева, биология ғылымының магистрі, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің оқытушысы:** – Сіздің докторлық диссертацияңыздың тақырыбы этносаясатқа арналған. Бұл тақырыпқа қалай келдіңіз? Ғылыми кеңесшіңіз ұсынды ма әлде жүрек қалауыңыз ба?

**Қ.Көшербаев:** – Мен КОКП Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясында оқыдым. Онда бір орынға 15 адамнан келетін конкурс болды. «Қазақстан Республикасындағы этносаяси процесті регламентациялау ерекшелігі» тақырыбын зерттедім. Бұл жылдар ұлттық сана-сезімнің өсу кезеңімен тұспа-тұс келді. Сол кезде орталықсыздандыру саясаты, Балтық жағалауы елдеріндегі оқиғалар орын алды. Талқылаулар кезеңінде этногенез мәселесімен де айналысуға тура келді. Этносаяси процестерді регламенттеу тұрғысындағы ғылыми ізденістер біздің жас мемлекетіміздің өркендеуіне көмектесетін еді. Сол кездегі Қазақстан ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаев Мәскеуге келіп, академия тыңдаушыларымен кездескенде алған білімдерімізді туған Отан игілігіне жұмсайтын уақыттың келгенін айтқан болатын. Қазақ ССР Президентінің аппараты алғаш құрылған кезде 4 аспирант-тыңдаушы академияда оқи жүріп, сонда жұмыс істедік. Көпэтносты елде этносаяси процесті регламенттеуді құқықтық негізде зерттегендіктен, осы тектес мәселені шешуде көп көмегі тиді. Сізге де уақытпен үндескен өзекті тақырыпты зерттеуіңізге тілектеспін.

**Гүләйім Мәлік, «Қоғамдық келісім» МКК Жалағаш ауданындағы сарапшысы:** – Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық кодты сақтау, жаңғырту мәселесіне ерекше тоқталған. Сіздің лекцияңызды тыңдаған жастарға қандай жағымсыз қылықтардан арылуға, қандай қасиеттерді арттыруға кеңес берер едіңіз?

**Қ.Көшербаев:** – Абай атамыз 45 қара сөзінде қазақтың барлық жағымсыз мінезін сынаған. Өзін қоғамнан жоғары қоятын, эгоистік көзқарасы басым адамдар арамызда әлі көп. Қоғам мүддесін өз мүддесімен үйлестіру әркімнің қолынан келе бермейді. Жастардың діни экстремизмге, қылмыстық топтарға қосылуы әулеттің де, мектептің де, ортаның да кемшілігі. Біз соның «жемісін» жеп отырмыз.

Елбасы «Келешекке кемел біліммен» деген. Алдымыздағы мәселенің барлығын, оның ішінде бәсекеге сай болуды білім арқылы жүзеге асырамыз. Абылай хан «Білектінің заманы өтіп, білімдінің заманы келе жатыр, дайынбысың әлеумет?» деген. Абай «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң, арқалан, сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп өткен.

**Кирилл Денисов, облыстық «Кызылординские вести» газетінің тілшісі:** – Мен Жәңгір хан атындағы университетті былтыр бітірдім. Батысқазақстандықтар сіздің сол өңірде қызмет еткен жылдарды ыстық ықыласпен еске алады. Сол өңірде жұмыс істеген жылдары этносаралық мәселелер болды ма?

– Батыс Қазақстанда қазақтар ұйымдарының өкілдерімен түсінісу үшін көп жұмыс істедік. Ақыл ойы кемел азаматтар, зиялы қауым өкілдері, дін өкілдері қолдау көрсетті. Мәселен, Алексий әкей казачество

Міне, қазақтың тағдырын ойлаған Абай да, Абылай да, Елбасы да жетістіктің формуласы ретінде білімді атаған.

Мен осы ретте өзімнің тәжірибеммен бөліскім келеді. Балаларым 6-7 сыныпта оқитын кезде олармен әңгімелесу барысында білімді, интеллигент адам нені білу керектігі жөнінде олқылық кестесін (таблица пробелов) жасауды қолға алдым. Сондай кесте барлығыңызда болуы керек. Мен Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі ретінде осыған қатысты ұсыныс бермекпін.

белгісіндегі «За веру, за царя, за отечество» деген ұранға орай, «Біздің Отанымыз – БҰҰ мойындаған Қазақстан Республикасы, біздің бүкіл халық сайлаған Президентіміз бар, осыған тоқтамайтын болсаңыздар, сіздерді сенімнен аластату (отлучение от веры) туралы мәселе көтеремін» деген еді. Бізге этностарды бір-бірімен біріктірудің жолдарын табу керек болды. Халқымыз дана ғой, қазақтардың да, казактардың да арасындағы ақылды, ойлы азаматтарына арқа сүйедім. Қорытындысында тіл табыстық.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

1-бет

● ЖОЛДАУ

# БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІККЕ БАСТАҒАН ЖАҢҒЫРУ

Ата Заңымыздың 44-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына елдегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнайды. Елбасының әрбір жаңа Жолдауының мақсаты – мемлекет тарапынан атқарылған істерге халыққа есеп беруден, еліміздің әлемдік аренадағы тұрақтылығын, тыныштығын сақтау, халықтың қажетін қанағаттандыру, тіршілігін қамтамасыз етудің басым бағыттарын алдағы уақытта жетілдірудің бағыт-бағдарын нақтылап беруден туындайды.

Жаһандық бәсекеге қабілетті болу – өркениетке ұмтылған елдің басты міндеті. Еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткізген жетістіктері әлемдік қауымдастық назарында келеді. Қазақстан үшін әрбір белес күрделі де жауапты болғанымен, алға қойған айқын стратегиялық бағыт, бағдар арқылы міндетті еңсеріп, жаңа сатыға көтерілу – ел мақсаты. Қазақстанды алдағы уақытта да үлкен белестер мен күрелі кезеңдер күтіп тұр.

Халыққа кезекті Жолдау қарсаңында 2017 жылдың 25 қаңтар күні Елбасының халыққа арнайы Үндеу жолдағаны белгілі. Елбасы «Үндеу» демократиялық даму жолындағы тарихи шешім болғанына ерекше тоқталды. Еліміз саясатындағы үлкен өзгеріс, Елбасы өзінің 40-қа жуық өкілеттігін, жергілікті органдар мен құзырлы мекеме басшыларына бермек, бұл жергілікті басқару, өзін-өзі басқаруға алып келетін демократиялық қадам. Бұл қадам жергілікті, атқарушы органдарға үлкен жауапкершілік артып қана қоймай, мемлекет пен үкімет билігінің оларға артқан сенімін күшейтеді. Атқарушы органдардың билік өкілеттілігі – Қазақстанды демократиялық қоғамға айналдырудың жаңа жолы болмақ. Қазіргі мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесін жасау, президенттік кадрлық-корпусты жасақтау, үкімет пен халықтың арасындағы көпір болуға тиіс.

Елбасы Үндеуіндегі тапсырмалардың бірі – Конституцияға өзгерістер енгізу. Мемлекет басшысы өзінің бірқатар өкілеттіктерін биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтарына беру бастамасын көтерді. Бұл реформаның аясында Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлі күшейтілмек. Прокуратура органдарының қызметі нақтыланған. Бұл ұлттық қауіпсіздік пен үлкен саяси қоғамдық маңызы бар процесс.

Жолдауда белгіленген мақсаттарды орындаудың арқасында Қазақстанның экономикасы қуатты, технологиясы дамыған мемлекетке айналуына толық мүмкіндігі бар. Сондықтан, әрбір мемлекеттік орган бұл іске жауапкершілікпен қараулары қажет. Сот, құқық қорғау органдарымен медицина саласы арасында жұмыс жасап отырған біздің мекемеде мемлекеттің ішкі саясатынан тыс қалған емес.

Елбасы бұл Жолдаудағы: «Институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты» бесінші басымдықта «Сот жүйесіне деген сенімнің артуына қол жеткізу қажет. Судьялардың жұмысына заңнан тыс кез келген ықпалды жою маңызды», - деп қадап айтты. Сот әкімшілігімен, судьялармен бірлестікте жұмыс жасайтын біздің «сот-медициналық» мекемеміз үшін Елбасы қойып отырған міндеттің жүзеге асырылуына жұмыс жасау – күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Сот медициналық сараптауды шынайы, ашық жүргізу, сот үдерісінің тиімді, әділ жүруіне тікелей әсер етеді.

Мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігі «сот жүйелері модернизациясынан» көрінеді. Соның бір көрінісі іспетті ҚР Үкіметінің «Сот сараптамасының кейбір сұрақтары туралы» №34 қаулысы шықты. Бұл қаулыда Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі «Сот медицинасы орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына ҚР Әділет Министрлігі «Сот сараптамасы орталығы» мемлекеттік мекемесін қосу жолымен мекеме атын ҚР.ӘМ. «Сот сараптамалары орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру көзделген. Алдағы кезеңде республикалық сот сараптамалары бір орталыққа бағынып, өзінің даму тарихын жаңадан және мемлекет жүктейтін жаңа міндеттерден бастамақ. Цифрлы индустрия, IT үкімет, коммуникацияны дамыту барлық салаға серпін беретіні сөзсіз. Мекеме қызметкерлерінің білім жетілдіруі, сот-медицина сараптамаларының озық технологияларын, тәжірибелерін игеру, сараптау жасауда озық IT құралдарды қолдануды жүзеге асыру мәселелері күн тәртібінен түскен емес.

Қорыта айтқанда, Елбасының халыққа жаңа Жолдауын Қазақстанның модернизациясының үшінші кезеңіне бастайтын бағыт деп тануға болады. Қазіргі таңдағы қордаланған көкейтесті мәселелердің шешімін табудың негізгі жолдарын нақты ашып беретін және Қазақстанды дамыған мемлекеттер қатарына қосуға апаратын бағдарлық басты құжат болып табылады.

**Рахымжан ӘЛІП,**
**ҚР Әділет министрлігі**
**«Сот медицинасы орталығы»**
**РМҚК Қызылорда**
**филиалының директоры.**

## ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕГЕН ЖОЛДАУ

Елбасы Н.Назарбаевтың жылдағы дәстүр бойынша қазақстандықтарға арналған кезекті Жолдауы жарияланғаны мәлім. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын бұл Жолдау ел ертеңіне бағытталған ауқымды жобаны қолға алуымен құнды. Елбасы Жолдауы 3 маңызды кешенді міндет пен 5 негізгі басымдықты айқындап берді.

Жолдауда білім беру жүйесімен қатар, денсаулық сақтау саласына да өзгерістер енгізілуі тиіс деп атап көрсетілген. Осы орайда, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізіле бастайды. Бұл жүйенің тиімділігі әлемдік тәжірибе арқылы дәлелденіп отыр.

Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушыларға кең ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылады және оған халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының да қатысуына мемлекеттік қолдау көрсетіледі делінген.

Сонымен қатар, бұл құжатта Үкіметтің қажетті деңгейде денсаулық сақтау саласын ақпараттандыруы, бәсекелестікті дамытуда жеке меншіктегі медициналық мекемелерге МӘМС жүйесі аясында тең жағдай туғызу қажеттігі, заңнамалық тұрғыдан барлық дәрі-дәрмектің бағасын реттеуді енгізу туралы анық айтылған.

Жалпы, Елбасының биылғы Жолдауы өзінің 25 жылдық даму кезеңін абыроймен өткізген, табыстары толағай, жетістіктері жетерлік Қазақстанның алдағы 25 жылға жасаған айқын мақсаты, маңызды қадамы деп білемін.

**Ақнабат ҚИТЖАНОВА,**
**Ү.Түктібаев ауылдық дәрігерлік-амбулаториясының аға мейіркеші.**
Қазалы ауданы.

● ҚАБЫЛДАУ

# ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қаржы саласының үздігі, ардагер Дайрабай Ысқақовты қабылдап, 70 жасқа толған мерейлі мерекесімен құттықтады.**

Қаржы саласының жұмысы күрделі де жауапты екені белгілі. Өйткені, ол – мемлекеттің, облыстың, қаланың, ауданның бюджетін құрауға, оның сапалы орындалуына тікелей жауап беретін сала. Өздеріңізге белгілі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Елбасының бастамасымен қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясының негізгі басымдығы ретінде экономикалық өсу міндеті тұрды. 1991 жылы ҚР «Салық жүйесі туралы» заңы қабылданды. Бұл кезең нарықтық экономикаға енді ғана бет бұрған кезең болатын. Яғни, өте күрделі кезең еді. Осы тұста аймақтың қаржы тайқазанын толтыруға жауапты болған, облыстық салық комитетінің тізгінін ұстаған Дайрабай Ысқақұлының еңбегі мен ұйымдастырушылық шеберлігін атап өткен жөн, – деп аймақ басшысы мерейтой иесіне жылы лебізін білдірді.

Дайрабай Ысқақов 1970 жылы Қызылорда облысы атқару комитетінің қаржы бөлімінде қазіргі экономистен бастап бөлім басшысына дейін қызмет атқарған. 1977-1988 жылдары Қаржы министрлігінің Қызылорда облысы бойынша бақылау-тексеру басқармасының бас ревизоры, 1988-1991 жылдары Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының басшысы, 1991-2002 жылдары Қызылорда облысы салық комитетінің төрағасы, Шығыс Қазақстан облысы салық комитетінің басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысы салық комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

Қабылдауда облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасын, «Нұр Отан» партиясының «Құрмет» грамотасын және ҚР Қаржы министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісін табыстап, иығына шапан жапты. Сондай-ақ, Дайрабай Ысқақұлының жұбайы Балтағүл Бәйімбетқызына да құрмет көрсетілді.

Дайрабай Ысқақұлының замандас әріптестері Мырзахмет Ауанов, Сейітсұлтан Әйімбетов, Қалқазбек Әжібеков өз пікірлерін білдіріп, жүрекжарды лебіздерін жеткізді.

Өз кезегінде Дайрабай Ысқақұлы мерейлі мерекесін ескерген аймақ басшысына алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Бүгінде мемлекеттік кірістер органдары тарапынан салық төлеушілерге 50 қызмет түрі көрсетіледі. Оның ішінде салық саласы бойынша 31 қызметтің 24-і, кеден саласы бойынша 19 нысанның 9-ы электронды түрде көрсетіледі. Бұл қызмет көрсету түрінің бәріне тиісті регламент пен стандарттар бекітілген және олардың уақытылы және сапалы орындалуының маңызы өте зор. Бұл туралы облыстық мемлекеттік кірістер департаментінде БАҚ өкілдеріне арналған «Сапалы қызмет көрсету – жемқорлықты болдырмаудың кепілі» тақырыбында департаменттің қызмет аумағында өткізілген баспасөз туры барысында айтылды.

Журналистерді қарсы алған департамент басшысының орынбасары Мұса Қалдарбеков облыстың мемлекеттік кірістер органдары бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз етіп, өңірімізде өндірілетін, әкелінетін, әкетілетін тауарлар қозғалысына, салық және кеден заңдылығының орындалуына бақылауды жүзеге асыратынын жеткізді. Сонымен қатар, ол қаржы және экономика саласындағы құқық бұзушылықтармен күресетін құқық қорғау құзыреті бар орган.

Модератор ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу барысында Елбасы Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру бағытында бірнеше нақты тапсырмаларды орындау мақсатында соңғы 2 жылда бірқатар жаңалықтар енгізіліп жатқанын жеткізді.

– Биылғы Жолдауда да салық, кеден саясатын дамыту және оңтайландыру бойынша бірқатар реформалар міндеттелді. Мемлекеттік кірістер органдары халыққа қызмет түрлерін көрсетеді. Қызметіміз барынша ашық, түсінікті, жылдам болуы керек. Біздің ұстанымымыз – сапалы қызмет көрсету, сол арқылы жемқорлыққа жол бермеу, – деді М.Қалдарбеков.

Мұнан соң баспасөз турының спикері, департаменттің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Гүлжамал Шортанбаева департамент тарапынан облыс бойынша осы жылдың I тоқсанында барлығы 160092 мемлекеттік қызмет көрсетілгенін айтты. Оның ішінде: Электронды түрде – 141472 немесе 88,4 пайызы, ал қағаз жүзінде 18620 немесе 11,6 пайыз. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электронды көрсетілген қызмет саны 38829-ға немесе 32 пайызға артқан. Бизнестің ең көп талап ететін қызмет түрі – «Дара кәсіпкерді тіркеу есебі» қызметіне «Салық төлеуші кабинеті» мен «электрондық үкімет» порталы арқылы қол жеткізуге болады, яғни дара кәсіпкер кіріс органына тіркелгендігі туралы хабарлама берумен шектеледі. Журналистер департаменттің бас ғимаратындағы қызмет көрсету орындарын аралап көрді. Сондағы байқағанымыз, бұрынғы кезеңмен салыстырғанда адам қарасы аз. Спикер Нұрлыбек Аманкелдиев оны қызмет түрлерінің автоматтандырылуына байланысты екенін түсіндірді. Толық автоматтандырылған қызмет түрі «Салық есептілігін тапсыру» болып табылады. 2017 жылдың I тоқсанында салық төлеушілердің 99 пайызы электронды түрде салық есептілігін тапсырған екен.

Қызметтердің электронды нұсқада көрсетілуі сыбайлас жемқорлық тәуекелділіктерін, яғни кірістер органдары қызметкерлерінің салық төлеушілермен тікелей қатынастарын азайтады. Сонымен қатар, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың алғышарты – қызмет алушылардың уақыт шығынын азайту болып табылады. Ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталығында енгізілген «Кезекті электрондық басқару жүйесінің» арнайы есептілік модулі сапаны бақылауды басқаруға қызмет етеді. Бекітілген регламентке сәйкес бір қызмет алушыға 20 минуттан аспайтын мерзімде қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар, салықтар мен төлемдердің төленуін жедел түрде растау мақсатында екінші деңгейдегі банктерден мемлекеттік кірістер органдарына электрондық үкіметтің электрондық шлюзі арқылы мәлімет берілуде. 2015 жылы 215 бюджеттік сыныптама кодтарының 119-ы немесе 57 пайызға қысқаруы халық пен бизнестің бюджетпен есеп айырысуын жеңілдетіп, төлем құжаттарының санын 27 пайызға қысқартты, қате төленген салық сомаларының қайтарылуы 39,8 пайызға қысқарды.

– Кедендік әкімшіліктендіруді жетілдірудегі өзекті мәселенің бірі тауарларға арналған декларацияны ұсыну кезінде адам факторын болдырмауға мүмкіндік беретін электронды декларация енгізу, сол арқылы жемқорлыққа жол бермеу, – деді кедендік рәсімдеу орталығындағы кездесуде департамент басшысының орынбасары Әли Майхиев.

Кеден бекетінде негізгі ұсынылатын қызметтердің бірі – тауарларға кедендік тазарту жүргізу және шығару болып табылады. Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде тауарларға кедендік тазартудың орташа уақыты: ішкі тұтыну үшін 1 сағат 4 минут болса, экспорт бойынша 4 минутты құрайды. Бұл – мемлекеттік қызмет көрсету уақыты бойынша республикадағы алдыңғы қатарлы көрсеткіш. Облыс бойынша биылғы жылдың 3 айында 411 тауар декларациясы рәсімделген. Оның ішінде импорт бойынша – 294, экспорт бойынша – 117. Сондай-ақ, мемлекет қазынасына 1,3 млрд теңге кедендік төлемдер мен салықтар өндірілді. Департаментте БСҰ нормаларына және халықаралық стандарттарға сәйкес электронды декларацияға көшу осы жылдың 15-ақпанында басталыпты.

Баспасөз туры барысында «Қызылорда-ҚРО» кеден бекетінің өкілі Қайрат Ердібаев пен ішкі қауіпсіздік басқармасы қызметкері Камал Әбдікамалов журналистерге мемлекеттік кірістер сапасын көтеру мақсатындағы жаңа ережелер мен бастамалар және ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы кеңінен әңгімелеп берді.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

# ДАРИЯ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ДҮБІРЛІ ДАЙЫНДЫҚ

Бүгінде "Шардара" су қоймасы мен "Көксарай" су реттегіші тола, енді артық суды қабылдауға мүмкіндігі шамалы. Сәрсенбіде аймақ басшысы осы мәселеге байланысты шұғыл жиын өткізді. Аудан әкімдері мен басқарма басшыларына қатаң тапсырмалар берілді. Осы шаралардың ауыл-ауылдарды да шарлап, жергілікті жұрт етек-жеңін жинай бастаған секілді.

Аптаның бейсенбісі күні түстен кейін Шиелі ауданын суландыратын "Жаңа Шиелі" каналының сағасына ат басын тіредік. Өйткені, 2005 жылғы су тасқынында осы сағаның басынан су асып, жұртты бір дүрліктіргені бар еді. Байқағанымыз, әзірге мұнда қалыпты жағдай, су деңгейі көтеріңкі болғанымен, гидротехник Базарбек Нұрымбетов пен су реттеуші Ақылхан Ділдаев әзірге оншалықты қауіп жоқтығын жеткізді.

– Басшылардың бәрі үрлемелі су тоспасының маңында, адамдар сол жақтағы дамбаларды биіктетіп, осал жерлердің барлығын топырақпен көтеріп жатыр,– дейді олар. Айтқандай-ақ, дария суын үрлемелі су тоспасына қарай бұру үшін салынған бөгеттің үстінде 150-дей адам жүр. Бұлар әр ауылдан, мекемелер мен ұйымдардан келген жұмысшы-қызметкерлер.

– Әзірге шамамен бұл жерден секундына 1300 текше метр су өтіп жатыр деп есептеп тұрмыз. Енді екі-үш күнде бұл көлем онан да көбеюі мүмкін. Сондықтан бөгет нығайтылып, басқа да қауіп тудыратын жерлер биіктетілуде. Аудандағы қажетті техникалар осында жұмылдырылған, – дейді Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Тұрмағанбет Жағыпаров бізбен әңгімесінде.

– Барлық су бекеттері кезекшілер қойдық, барлық дайындықтар жасалу үстінде, сақтық шараларынан босаңдық болмайды, – деді "Шиелі СуШар" мекемесінің басшысы Абдулла Мақұлбеков өз шаруасынан хабар білдіріп. Әрине, мынандай жағдайда жайбарақат жүруге еш жол жоқ, өйткені, елдің, жердің амандығы жауапты азаматтардың мойнында, қай кезде де солардан жауапкершілік сұралынады.

Ал бүгін аудан әкімдігінің баспасөз орталығында аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов пен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Рақымжан Сариев баспасөз өкілдеріне қалыптасқан жағдайға байланысты алдын ала жасалынуы тиіс сақтық шаралары жөнінен мәлімет берді.

– Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі кезектен тыс комиссиясы ұйымдастырылып, құзырлы мекемелерге тапсырмалар берілді. Бүгінгі күнге қауіпті деген 2 аймақ белгіленіп отыр, Олар: бас саға Жаңа Шиелі магистральды каналы мен Жөлек елді мекенінің тұсы, – деді А.Есмаханов.

– Жалпы аудан бойынша 11 елді мекен қауіпті аймақ ретінде тіркеліп отыр. Төтенше жағдай орын ала қалғанда аудан әкімдігімен бірлесіп, эвакуациялық көшіру кестесі жасалды. Сондай-ақ, малды құтқару жоспарлары да тиісті мекеме басшыларына тапсырылып, қатаң қадағалануда, – деді аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысы. Дегенде жоғарыдан келген мол судың екпінін бәсеңсіту барысында да ойластырылған шаралар бар екен, олар – дария суын аудан көлеміндегі каналдар мен ішкі су жолдарына, көлдер жүйесіне қарай жөнелту. Бұл орайда "Жаңа Шиелі" каналы 70 текше метр, "Нәнсай" – 8, "Күміскөткен" – 50, "Ботабай" – 10, "Жаңа Сұлутөбе" – 8 және басқасын қосқанда 180-200 текше метр су алу мүмкіндігі бар екен.

Иә, сақтық шаралары жасалуда. Жергілікті атқарушы орындар мен халық бірлесе қауіпті сейілту жолында күш біріктіріп отыр.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

# Татулық, достық, келісім, ЫНТЫМАҚ – ТЕҢДЕССІЗ БАҚЫТ

Мемлекет басшысы ұлтаралық келісімді сақтау және оны нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құрып, этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін түбегейлі қалыптастырды. Бүгінгі таңда этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт – Ассамблеяның орны биіктеп келеді. Тіпті Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге үлгі көрсете отырып, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін таныта білді.

«Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепті. Бүгінге олар тегі басқа болғанымен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Туған елінің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді әр уақытта. Осылай елдігіміздің ертеңі ошақтың ұштағаны секілді «бір халық, бір ел, бір тағдыр» деген үш сөзге сыйып отыр», – деді Н.Назарбаев.

Ассамблеяның тәуелсіздік жылдарында құрылымдары кеңейіп, ауқымы артқаны рас. Оның жаңа мәртебесіне сәйкес күшейту, жаңа деңгейге көтеру бағытында 2014 жылы Елбасының тапсырмасымен облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Ал, еліміз бойынша Сыр өңірінде ғана аталған мекеменің этносаралық мәселелері жөніндегі эксперті жұмыс істейді.

Достықтың діңгегі іспетті «Достық үйі» ашылғалы бері онда көптеген игі шаралар өткізілуде. Мәжіліс, концерт залдары қоғамдық бірлестіктер үшін диалог алаңына айналды. Мұнан бөлек, «Достық үйінде» этнос өкілдерінің қазақы мәдениетке жақындай түсуі үшін бар жағдай жасалған. Олар татулық пен бірлік үйінің мұражайындағы қазақ халқының көне жәдігерлерімен таныса алады. Сонымен қатар, этномәдени бірлестіктердің тарихи қол еңбектері, киімшылық тобы, 1 медиация кабинеті, облыстық мәслихатта депутаттық тобы, меценаттар тобы, журналистер мен сарапшылар клубы, жастар қанаты, ақпараттық-насихаттық тобы бар. Осындай үлкен ауқымдағы қызметтері ассамблеяның іргелі шаңырақ және татулықтың теңдессіз тірегі екенін көрсетті.

Ассамблея қызметінің жаңа бағыттарының бірі – Медиация институтын дамыту болып отыр. Соған сай 2016 жылдың 31-ші наурызында «Достық үйінде» Медиация кабинеті ашылды және облыстың кәсіби және кәсіби емес медиаторларының ортақ базасы жасақталды. Бұл бағытта облыс көлемінде 38 кәсіби және 343 кәсіби емес медиатор жұмыс жасайды.

«Достық үйінде» облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Қ.Көшербаевтың қатысуымен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ассамблеяның ісі-тәжірибесін ҚР Президенті Әкімшілігі жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы мәжілісінде үлгі ретінде қозғалды. Әсіресе, «Қоғамдық келісім» КММ құру туралы Сыр елінің бағалы бастамасын бүгінде Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары жалғады.

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының 2017 жылға арналған қайырымдылықты дамыту және үйлестіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Оған сәйкес есепті мерзімде 12 қайырымдылық акциясы өткізілді. 2016 жыл мен 2017 жылдың I тоқсаны аралығында «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясын іске асыру мақсатында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының қатысуымен аймақ көлемінде 3394 түрлі форматтағы көпшілік-мәдени шаралар, кездесулер өткізілді. «Мәңгілік Ел», «Тәуелсіз Қазақстан» пойыздарының жалпы республикалық акциялары, «Менің елім – Мәңгілік Ел» республикалық жастар акциясы кең ауқымда ұйымдастырылды. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастыру бойынша Алғыс айту күні мерекесі облыс көлемінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жалпы халықтық сипат алды.

Еліміз бойынша бір мезетте ұйымдастырылған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізіндегі ашық диктант жазуға облыс бойынша 2002 адам қатысты. Оның 511-і этномәдени бірлестік өкілдері, 258-і қоғам қайраткері, 301-і мемлекеттік және азаматтық қызметкер, 405-і студент және 83-і басқа да азаматтар. Қатысушылардың 911-і «өте жақсы» деген көрсеткіш көрсетсе, 822-сі «жақсы», 269-ы «орташа» деген бағаға ие болды.

Қайырымдылықты үйлестіру және дамыту бойынша 2306 қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып, 343 417 162,56 теңгенің көмегі көрсетілді.

Облыстық ассамблеяның «Сыр елі – достық мекені» ақпараттық-насихаттық тобы есепті мерзімде шетелдік азаматтар жұмыс жасайтын «Галас и К», «Джунь Ю Тянь-Шань Мұнай Сервис», «SSM-Ойл» және «Көлжан» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде қызметкерлермен, сондай-ақ, облыс аудандарында тұрғындарымен кездесулер өткізіп, қоғамдық келісім, бірлік пен бірегейлік, ұлттық құндылықтарды насихаттады.

Барлық жоғары және орта арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беру ұйымдарында жүйелі түрде «Мәңгілік Ел» патриоттық акт, Ұлт жоспары «100 нақты қадам», «Қазақстанның бейбітшілік пен келісім моделі», «Индустрияландыру-экономикалық даму перспективалары», «Біртектілік пен бірлік», т.б. тақырыптар аясында кешенді ашық сабақтар ұйымдастырылды.

Өңірдің 7 ауданында жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған «Мәңгілік ел» клубтары құрылып, жұмыс жасауда.

Облыс бойынша 299 мектептегі 143 мың оқушы мен 30 мыңға жуық жоғары және орта оқу орындарының студенттері қамтылған кешенді шараларға облыстық ассамблея құрылымдарының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысып, дәріс оқыды.

Жалпы, облыстық ассамблеяның ел алдындағы жұмыстары бұдан былай да серпінді түрде жалғаса береді. Таттулықты ту еткен тілегіміз достықтың дәнекері болып, үлгі-өнегесін таныта түседі деп үміттенемін.

**Ляйля ТӨРЕШОВА,**
**Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының басшысы.**

## ШАТТЫҒЫ МОЛ ШАҢЫРАҚ

Мен Сыр елінің интернационал отбасында дүниеге келдім. Біздің шаңырақта бірнеше этностың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы сақталған. Әсіресе, қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуі және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл мен қыздың тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыру ерекшеліктеріне айрықша маңыз беріледі.

Отбасы мақтанышы дегенде ең бірінші ата-анамды айтар едім. Ата-анам балалары үшін жақсылықтың жаршысы болып табылады. «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» деген, балалары «менің әкем», «менің анам» деп үлгі тұтып, мақтаныш етіп, «міне, менің балам» деп отырса, бұл отбасы мақтанышы болып есептеледі. Қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым келеді. Менің анам бізге қыз балаға тән нәзіктікті, ең бірінші «әкеліріңді сыйлаңдар», «ренжітпеңдер» деп айтып, әкені, жалпы ер азаматты сыйлауды үйретіп отырады.

Менің әкем Бауыржан Исаев 1977 жылы дүниеге келген. Ал, анам Жанна Вадимова әкем екеуі құрдас, бір институтта оқыған. Менің атам – Серік Исаев физика, математика пәнінің оқытушысы болған. Әжем Райхан Қуандыққызы – балалар музыкалық мектебінің мұғалімі. Үлкен атам Жолмырза Исаев Сталинград шайқасына қатысқан майдангер. Байланыс қызметкері болды. Орден-медальдары бар. Жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесінде біз үлкен атамызды еске алып, оның суретін мәңгі өшпес тақтаға апарып қоямыз. Үлкен әжем Асима бастауыш сыныбының мұғалімі болды. Өте кеңпейілді және ақылды кісі еді. Ол туралы көбіне Райхан әжем жиі айтады. Оның одан үйренгені көп болған. Ал, менің ең үлкен атам Иса ұста болған. Алтын қолды атамыздың еңбектері Шалқар мұражайында сақталып тұр.

Менің әжемнің әкесі үлкен атам Қуандық Әлімбетов ғалым, профессор, экономика ғылымдарының кандидаты болған. Ол Ташкентте оқып жүріп менің әжеммен танысқан. Қызылорда облысында бірнеше жыл қатарынан басқармада жұмыс істеген. Соңғы жылдары ол Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. «Ақмаржан» күрішінің сортын тауып, шығарушылардың бірі болды.

Үлкен әжем – Роза Ахметқызы балабақшаның меңгерушісі қызметін атқарған. Ол – өзбек этносының өкілі. Ал оның анасы, менің үлкен әжем Қазан қаласының татары. Олардың тағдыры бір бөлек. Үлкен атам Юсупжан имам еді. Қазанда мешіті болған. Билік тарапынан үлкен әжемді қуғынға ұшыратқан және ол балаларымен Ташкентке қоныс аударған. Оның қызы Ғалия тұрмысқа шығып, одан менің әжем Роза дүниеге келген. Асыл әжем қазір – 80 жаста. Ол бізге жиі келіп тұрады. Ташкенттегі өмірі туралы қызықты әңгімелер айтады. Ол сұрапыл соғыс жылдарын басынан өткерген жан. Оның әкесі Ахметжан ата майданда қайтыс болды. Ол Ташкенттегі баспахананың директоры болған. 1943 жылы Украинада, Белово деревнясында қайтыс болған. Біз сарғайған суреттерді жиі қарап, оларды құрметтеп сақтап жүрміз. Менің анам – корей этносының өкілі. Оның әкесі – Цой Вадим Дясенович, ал анасы – Дигай Валентина Константиновна. Нағашы атам мемлекеттік стандарттау мекемесінде жұмыс істеген, әжем есепші болған. Екеуі де Ташкентте оқыған. Қазір зейнетте, еңбек демалысында. Алматы қаласында тұрады. Олар Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Анам жағынан келгенде мен Қиыр Шығыс өлкесінің бесінші ұрпағы болып табыламын. Негізінде, Ресей мен біздің елде өмір сүріп жатқан корей этнос өкілдері кезінде Солтүстік Корей елінен келген мигранттардың ұрпақтары. Ол өткен ғасырдың 60-жылдары болған. Ал, 1937 жылы Қиыр Шығыс өлкесінің корей халқын Өзбекстан мен Қазақстанға көшіру басталған-ды.

Корей халқы ол кезеңдері салт-дәстүрін сақтау құқынан айырылып, тұратын жерін таңдаудан қалды. Жер аудару кезінде көп адам, әсіресе кішкентай сәбилер қайтыс болды. Оларды тауар мен мал таситын вагондарда тасымалдаған. Бұл туралы менің әжем көп айтады.

Қазақ халқы кәріс этнос өкілдерін өз жерінде құшақ жая қарсы алып, олардың еңбекқорлығы үшін бағалады. Оны ешкім ұмытпайды. Бүгінгі күні кәріс этнос өкілдері рухани қайта өрлеу, ұмытылған тіл мен мәдениетін қайта қалпына келтіріп жатыр.

**Роза БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
**№10 Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей интернатының оқушысы.**

## *Құрметті Сыр елі халқы! Қадірлі жерлестерім!*

**Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!**

Тәуелсіздігіміздің даңғыл жолына түскен мемлекетіміздің экономикасы қарқынды дамып келеді. 26 жылға жуықтаған осынау егемендік жылдары ішінде алған асуларымыз бен қол жеткізген жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің еншісі мол. Барлық ұлттардың татулық пен келісімде өмір сүруінің нәтижесінде еліміз бейбітшілік пен татулықтың, достықтың айрықша үлгісін паш етуде. Осынау ізгіліктің арқасында бізді болашақта бұдан да жарқын, баянды күндер күтіп тұрғаны күмәнсіз.

Бұл мереке көпұлтты халқымыздың тамаша дәстүріне, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналды. Оның идеялары барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне құрмет көрсету үлгілері екені даусыз. Сондықтан да, бұл мерекені еліміздегі әрбір ұлт өзінің ең салтанатты мерекесі деп санайды.

Біздің еліміздегі қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміздің экономикасы өркендеп, ілгері басып келеді. Қоғамда тұрақтылық пен тыныштықтың сақталуы елімізде демократиялық мемлекет құруға және оның дәулетін тасытуға зор ықпал етуде.

Татулығы мен бірлігі жарасқан бейбіт елімізді бүгінде бүкіл әлем таниды. Халықаралық дәрежедегі іргелі істерді тындыра алатын өресі биік, өнегесі мол ел екендігін мойындады. Осы жылдары алған асуларымыз бен жеткен жетістіктеріміз жетерлік.

Татулық – біздің ең басты байлығымыз. Қаншама ұлттың баласына құшағын кең ашқан байтақ Қазақстанымыз – бүгінде тұрақтылық пен достықтың бесігі. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген ұлы бабалардан қалған ұлағатты сөз бар. Біз ел ішіндегі тұрақтылық пен татулықты одан әрі бекемдеп, барлық этникалық топтардың мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрі мен тілін сақтауға бағытталған жұмыстарды бұдан әрі де жалғастыратын боламыз. Бұл туралы ҚХА-ның жақында өткен XXV сессиясында да жан-жақты айтылды. Әрбіріміздің жүрегіміздің төрінде мемлекетімізге деген риясыз құрмет ең алдыңғы орында тұруға тиіс. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің тұрақты дамуын, ұлттардың татулығы мен достығын әрдайым басты назарда ұстап келеді.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан біздің Сыр елінде әртүрлі этнос өкілдері бір кісідей жұмылып еңбек етуде. Алдағы уақытта да облыстың әрбір тұрғынының еселі еңбегі экономиканы жаңғыртуды жүзеге асырудың негізі болары сөзсіз. Аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың өңір экономикасын өркендетуге бағытталған әрбір бастамасына зор қолдау білдіре отырып, Сыр елін дамыта берулеріңізге тілектеспін. Рухани жаңғыра отырып, туған жерді түлете берейік!

Құрметті жерлестер!

Ынтық ықылас пен достықтың мейрамы – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі құтты болсын!

Сіздерге бақыт пен қуаныш, дендеріңізге саулық және отбасыларыңызға амандық тілейміз!

**Ізгі ниетпен: Геннадий ШИПОВСКИХ,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.**

## ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢ ҚҰШАҒЫН САЯЛАҒАН…

*Қоғамның сан қилы саяси оқиғаларының салдарынан, тағдырдың сан тарау жолдарынан өтіп, қазақ еліне табан тіреген көптеген ұлт өкілдерінің көкірегінде осынау кең пейіл халыққа деген айрықша алғыс сезімі жатыр. Олардың қай-қайсысымен пікірлесіп, сөйлессеңіз де, аласапыран кезеңде айқара құшақ ашып, төрінен орын берген қазақ жұртына құрметі бөлек.*

*Сонау 1938 жылы Арал қаласында, қарапайым отбасында дүниеге келген Хайрутдинова София Шарифовна сол өңірдегі орыс мектебін бітіріп, Қызылорда қаласындағы қазіргі Қорқыт Ата атындағы университеттен химия пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Сексеуіл стансасындағы №423 орыс мектебінде мұғалім болып бастаған жас маманның алдында асуы биік армандар көп болатын.*

*Сол бір студенттік кезеңнің думанды шағында Болат есімді қазақ жігіті жас арудың жүрегін жаулап, екеуінің арасында ерекше сыйластық сезімі қалыптасады. Көп ұзамай екі жас ата-аналарының ақ батасын алып, отау құрады. Осы жерде София апаймен әңгіметіміз әсерлене түсті.*

**– Апай, сіздің қазақ ұлтына тұрмысқа шығуыңызға ата-анаңыз қарсы болған жоқ па? Жалпы қалай үйлендіңіздер?**

– Жоқ, кәдімгі қазақтың салтымен құда түсіп, ата-анамның келісімін алды. Содан соң ағаш шабаданға киім-кешегімді салып, пойызға міндім де, сүйіктімнің соңынан еріп кете бардым.

Шабаданым толған сәнді киімдер. Әкем колхоздастыру кезеңінде артель құрып, тігін шеберханасын ашқан. Анам да, әкем де өте шебер адамдар болатын. Ауыл-аймақтың тұрғындарына сұранысына сай киім-кешек тігетін. Әлі есімде, бір күні НКВД-ның адамдары үйіміздің астан-кестеңін шығарып, тінту жүргізіп, алайда ештеңе тауып отыр" деп әкемді "кәсіппен айналысып, табыс тауып отыр" деп айыптамақ болды. Ал қазіргі кезде елімізде кәсіппен айналысатындарға барлық мүмкіндік жасалған.

**– Иә, "Елу жылда ел жаңа" деген осы. София апай, әңгімеміздің әрі қарай сабақтасақ. Қай ұлтта болсын, үлкенге құрмет жасау парыз. Дегенмен, жас келінге жүктелетін міндет өз алдына бөлек. Осы ретте өзіңіздің ата-енеге жасаған қызметіңіз, олардан алған тәлімініз жайлы айтып беріңізші.**

– Әрине, бірақ мен келін болып түскенде атам жоқ, енеме қызмет жасап, ақыл-кеңесін тыңдап, қайын жұртыма құрмет көрсететінмін. Жастық шақта отбасының тұрмыс-тіршілігі оңайға соқпайтыны анық. Сол уақытта үлкен кісілердің тәрбиесімен өмірге бейімделдік. Өзімнің анам да көп жыл осында болды. Қазақтың кең пейіл, қонақжайлығын ерекше ұнататын.

**– Халқымыздың қандай салт-дәстүрлері сіздің жаныңызға жақын болды?**

– Қазақ халқында үйге қонақ келсе, қазанға ет салып, ұлттық асын әзірлейді. Мен де осыған қалыптастым. Сонымен қатар, табаға нан жауып, айран пісіп, құрт та жаятынбыз.

**– Әлбетте, София апай, дұрыс айтасыз. Қазақтың үйінен қонақ арылмайды. Сөйтіп жүріп, мектепте мұғалім болып жұмыс жасадыңыз. Отбасында сегіз баланы өмірге әкеліп, оларды өсіріп, жеткіздіңіз. Әрине, оңай болмаған шығар…**

– Иә, өзім ол кезде аудан орталығындағы №31 орыс мектебінде мұғаліммін. Сабағымның арасында уақыт тауып, үй жақта ойнап жүрген балаларымды сыртынан қарап кететінмін. Жолдасым Болат та жұмыста. Ол аудандағы "Автобаза", "Казсельхозтехника" мекемелерінде еңбек етті. Жолдасыммен сыйласып, жұмыстағы жауапкершілік пен отбасындағы міндетті қатар алып жүруге бар күшімді салдым. Соның нәтижесі болар, балаларымыз қазір ер жетіп, әрқайсысы өмірден өз орындарын тапты.

Иә, бүгінде украин, татар ұлттарымен құдажекжат болып, он бес немерені, үш шөберені бауырына басқан София апай – бақытты әжелердің бірі.

Ауданның білім саласында айрықша еңбегі бар Хайрутдинова София Шарифовна бүгінде зейнеткерлік демалыста. Өмірінің елу жылдан астам уақытын ұстаздық қызметке арнап, қаншама шәкірттерін қанаттандырып, ұядан ұшырған ұлағатты ұстаз ел алдында абырой-беделден, мемлекет тарапынан берілген медақ, марапаттаулардан да кенде емес.

– Ауданда білікті, тәжірибелі, абыройы биік ұстаздар қаншама?! Олардың әрқайсысы құрметке лайық. Жалпы бүгінде зейнеткерлік демалыста болсақ та, елдегі, аймақтағы қоғамдық-саяси шаралардың барлығына араласып, елдің бірлігін сақтауға, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беруге барынша үлесімізді қосып келеміз. Күнделікті өмірде еңбегімізді бағалап, құрмет білдіріп жататын әріптестеріме, аудан халқына алғысым шексіз, – дейді ұстаз.

"Ұстаз шәкіртімен мақтанады". Шындығында София Шарифқызының көптеген шәкірттері қоғамда белді де беделді тұлғалар болып қалыптасты.

Иә, саялы бәйтеректей өсіп-өнген шаңырақтан өмір ағымымен, өрімталдай ұрпақ өрбіп, ұл – ұяға, қыз қияға қонды. Қазіргі таңда отбасының кенже ұлы Мүсілім мен келіні Салтанат ата-аналарының үмітін ақтап, шаңырақтағы сыйластық пен татулықты сақтап келеді. Сыр-сұхбатымыздың соңында София Шарифқызы:

– Мемлекеттік мерекеміз Қазақстан халықтарының бірлігі күні сүйікті Отаным – Қазақстанның барша халқына ыстық ықылас пен ерекше құрметімді білдіремін, – дейді.

**Ғазиза ӘБІЛДА.**

## «ТАҢШОЛПАН» ТАНЫТҚАН ҚЫЗ

**Күн сайын ұлттық арнамен бірге оянып, «Таңшолпанды» көрмейтін қазақ кемде-кем. Мемлекеттік тілде сайрайтын кәріс қызының бұл хабарды мүдірмей жүргізуі көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Әр күн сайын қазақ жұртына «Қайырлы таң!» тілеген Ирина Тен төл арнамызда біраз жылдан бері абыройлы еңбек етіп келеді.**

Иринаның бойындағы барлық қабілет қазақ тілі арқылы бүр жарды. Арал ауданында дүниеге келген ол бала кезінен қазақ тілге судай болатын. Қасиетті «Сыр елі – жыр елінен» шыққасын қолына қалам алуға бел буды. Ауылда жүргенде телеарнада қазақша бағдарлама жүргізем деп алдына үлкен мақсат қоя білді. Арал қаласындағы орыс мектебінде білім алса да, алға қойған мақсатын өзгерткен емес. Шығармашылыққа көп көңіл бөліп, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті.

Студент кезінде шығармашылығын шыңдаған Иринаны «Таң» телеарнасы жұмысқа шақырды. Ол кезде Сыр елінің тумасы небәрі 17 жаста болатын. Осылайша аталған арнадан тәжірибеден өтіп, алғашқы еңбек жолын бастап та кетті. Бүгінде ұлттық арнаның «Таңшолпан» бағдарламасында жүргізуші болып қызмет атқаратын ол осындай жетістіктердің барлығы қазақ тілінің арқасында келгенін айтады. Басқа қалада жүрсе де, Сыр еліне деген сағынышы жыл сайын Ақмешітке атбасын бұруды дәстүрге айналдырды.

– Туған жерге деген сағыныш ешқашан сарқылған емес. Сәті түскен сайын ауылға баруға асығамын. Балалық шақты бірге өткізген құрбы-достармен дастарханда отырып әңгімелескенге не жетсін! Сол кезде біз баяғыдай Аралдың құмын табанымызбен басамыз. Теңізді тамашалаймыз. Шағалалар қашан көрінеді деп толқыны толқынға жалғасқан көкжиекке көз тігеміз. Елімізде шұрайлы жерлер аз емес. Алайда, мен үшін Аралымның жөні бөлек. Оған арналған махаббаттан Отанға деген сүйіспеншілік туындайды. «Мен сағынбас адамдармен дос емен» деп Төлеген Айбергенов бекерге жырламаған ғой. Сыр елі – менің бақытым. Сонда туып, сонда өсу мүмкіндігі пешенеме бұйырыпты. Жыр елінің қызы бола тұра қолыма қалам ұстамасам, ұят секілді. Журналистік мамандықты таңдап, шығармашылық жолға түскенімнің себебі де осы, – дейді Ирина Тен.

Жерлесіміз қай дәрежедегі достық болмасын, оның ниеті – ақ, мұраты – шындыққа жақ болуы керек деп есептейді. Себебі, шын сыйластық еркіндік, теңдік жағдайында ғана жарасым табады. Тілші қыз журналист ретінде көп нәрсені саралап, біраз нәрсенің бағасын білуге тура келетінін айтты. Ирина қазақтың даласы қандай кең болса, халқының құшағы да сондай дархан деп есептейді. Қазақ жұртының мейірбан екеніне кезінде оның ата-анасы да көз жеткізген.

Ириананың мемлекеттік тілді еркін меңгергені көзге көрініпақ тұр. Онымен тілдескенімізде қазақтың көне сөз тіркестері мен мақалдарын жүйелі қолданатынына риза болдық. Тіпті қазақтың салт-дәстүрлерін де толық біледі. Көбісі Ириананың кәріс қызы екеніне әуелгіде сенбей қалады екен. Оның қазақша сайрап тұрғанын көргендер іштей риза болады.

Бірде тележүргізуші құрбысы екеуі сауда орталығын аралап жүріп жанынан өтіп бара жатқан апайдың «Түң, мына қазақ қызының әдемісін-ай! Өзі тұп-тура корей сериалдарындағы актриса секілді екен!» деп тамсанған сөзін естіп қалады. Сонда Ирина «Апай, мен шынымен де корей қызымын» – деп күледі. Алайда, Қарт әжей қазақша еркін сөйлеп тұрған оған әуелгіде сенбейді. Ирина төлқұжатын көрсеткеннен кейін аздап иланғандай болады. Ол көбіне құрбыларымен өзара қазақша сөйлеседі. Сондықтан оны барлығы қазақ деп ойлайды. Жерлесіміздің Отанға, елге, тілге деген құрметі – өскелең ұрпаққа үлгі.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

# ең басты байлық ел үшін!

**Жерлесіміз Марина Вольнованы Олимпиада тарихында 2012 жылы бірінші рет ұйымдастырылған әйелдер боксында қола жүлдені жеңіп алған алғашқы қазақстандық спортшы ретінде мақтанышпен айтамыз. 6 жасынан бастап спортпен айналысқан ол осылайша ел сенімін ақтады. Орыс қызы – бүгінде қазақ отбасының келіні. Астанада тұрып жатқан Маринамен бірлік мерекесі қарсаңында телефон арқылы тілдестік.**

**Марина ВОЛЬНОВА,**
**боксшы, Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері:**

## «МЕН – ҚАЗАҚ КЕЛІНІМІН»

**– Қазір қайдасыз, немен шұғылданып жүрсіз?**

– Инчхондағы Азиада ойындарынан кейін Қажымұқан есімді қазақ жігітіне тұрмысқа шықтым. Өзі – Арқалық қаласынан, әскери адам. Университетте оқып жүргенде танысып, жақын араластық. Ақырында өмірлік серігі болуға ұсыныс жасады. Әйел адам үшін отбасы ең бірінші кезекте тұруы тиіс деп ойлаймын. Қазір Астанада тіршілік етіп жатырмыз. Үй шаруасындамын, балаларымды тәрбиелеп, жолдасымның бабын жасауға уақыт бөлемін. Қазақ азаматымен өмірімді байланыстыру арқылы бақытымды таптым.

**– Қазаққа жар, келін болған қалай екен?**

– Өзім қазағы көп өңірден, оның ішінде Қазалы ауданында туып-өскенмін. Сондықтан қазаққа келін болу, жар болу аса қиын тие қойған жоқ. Жаңа ортаға тез сіңісіп кеттім.

**– Күйеуіңіздің туыстары орыспен құда болатынын қалай қабылдады? Той біз жақтың үлгісімен өткен шығар...**

– Туысқандары тарапынан ашқандай қарсылық болмады. Қайта барлығы мені өздерінің қызы ретінде жылы қабылдады. Үйлену тойымыз, әлбетте, қазақтың әдет-ғұрпына сай өтті. Құдалық, сырға салу сияқты дәстүрлерді аттап кеткеніміз жоқ.

**– Қазақтың ұлттық дәстүрлерін қаншалықты білесіз және ұстанасыз?**

– Толық білемін дегенім дұрыс болмас. Бірақ тұрмыс-тіршілікте қажетті, маңызды деген дәстүрлерді сақтаймын және ұстанамын. Мысалы, әр жұма сайын жеті шелпек пісіріп, көршілерге таратамын.

**– Орамал тағып, сәлем саласыз ба? Борщ пен ет тамақтың қайсысын сүйсініп жейсіз?**

– Әрине, орамал тағып, үлкендерге сәлем салу әдетіме айналған. Жаңа өмірдің, жаңа үйдің табалдырығын аттаған сәттен бастап келінге үлкен жауапкершілік артылады. Қайын-жұрттың қамын жасап, сол үйдің отымен кіріп, күлімен шыққанда ғана бақытты бола аласың. Өкінішке қарай, күйеуімнің әкесі дүниеден қайтқан. Үйінің жалғыз ұлы. Енем – жақсы кісі, оны «мама» деймін. Бәріміз ет тамақты өте жақсы көреміз.

**– Білесіз, бізде тұңғыш баланы әже мен атаның «меншігіне өткізетін» дәстүр бар. Бұл жағы қалай болды?**

– Бірінші бала шаңырақ көтеріп, дүниеге сәби келгенде ата-әжесінің алғашқы немересін бауырына салатын дәстүр барын білемін. Өйткені ата мен әже – қазақы тәрбиенің бастауы. Орыс мектебінде оқығаныммен қазақтармен жиі араластық, сондықтан «шалдың баласы» деген тіркес құлағымызға әбден сіңіп қалыпты. Дегенмен, біз балаларымызды өзіміз бағып жатырмыз. Әзірге отбасымызда Теміржан мен Даниял деген екі батыр көз қуанышымыз болып ержетіп келеді. Үлкен баламның атын – енем, екіншісінің атын төркінім қойды.

**– Кітап оқығанды жақсы көреді екенсіз. Қандай ақын-жазушылар ұнайды?**

– Ақын-жазушылардың ішінде қазақтың бостандығы үшін күрескен Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтардың шығармашылығын жоғары бағалаймын.

**– Қазақтың қандай қанатты сөзі сізге қанат бітіреді?**

– «Отан отбасынан басталады» деген сөз мені қанаттандырады. Өйткені отбасы – әркімнің шағын Отаны. Әсіресе, әйел адамның орны – от басы, ошақ қасында. Ал карьера, тағы басқасы – қосымша қажеттіліктер ғана.

**– Рингтегі тәсілдер өмірде қаншалықты керек? Күйеуіңіз үйленбей тұрып боксшы қызбен араласып жүргенін білді ме?**

– Рингтегі менің «жеңіске жетем» деген талпынысым маған әрдайым рух береді, күш сыйлайды. Ал былайғы өмірде біреу-міреу тиісіп көрген емес, сондықтан бокстың әдіс-тәсілін пайдаланып, қорғанудың қажеті болмапты. Күйеуім боксшы екенімді қыз бен жігіт боп араласып жүргенімде-ақ білген. Ол да кезінде бокспен айналысқан.

**– Алдағы уақытта сізді спорт аренасынан көре аламыз ба? Өз алдыңызға бокс мектебін ашуға қалай қарайсыз?**

– Бәрі де мүмкін, бірақ қазір мен үшін бірінші орында менің жанұям тұр. Спортқа қайта оралатын-оралмайтынымды уақыт көрсетеді. Егер үкімет тарапынан көмек көрсетілсе, бокс мектебін ашуға, ізбасарлар тәрбиелеуге дайынмын.

**– Рахмет!**

Сұхбаттасқан
**Назерке САНИЯЗОВА.**

## ТЫНЫШТЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ ТАБЫС ТА БОЛМАЙДЫ

Ширек ғасырда Ассамблея сессиялары ел өміріндегі тағдыршешті оқиғаларға белсене үн қосып, стратегиялық маңызды шешімдердің қабылдануына ықпал етті. Мен – әрбір сессияның куәгерімін.

Бұл жолғы жиында мемлекет жанұруының негізгі кілті талқыланды. Елбасы: «Бірлігіміздің бастауы ретінде құрылған Ассамблея өзіне жүктелген міндетті үлкен абыроймен атқарып келе жатқаны көз алдымызда. Бірліктің киелі бесігі, елдің ортақ мақсатқа жұмылдырылған бірегей тетігі ол – Қазақстан халқы Ассамблеясы», – деп атап өтті. Тұрақтылық, бірлік пен келісім азаттық алғалы қазақ елінің ұранына айналды. Қазақ елінің осы күнге дейін жетістіктерінің негізгі кілті – халықтың бірлігінде.

Бір мемлекетте, бір үйде тыныштық болмаса, ол жерде нан болмайды. Мәселен, тәуелсіздік жылдары көңілі дархан, кеңпейіл қазақ даласын мекен еткен бірде-бір ұлыс өкілі туған тілін жоғалтқан жоқ. Саны аз этнос өкілдеріне дейін тілі мен ділін сақтап, хал-қадірінше дамытуына барлық жағдай жасалып келді және солай жалғаса бермек. Бұл әлемнің дегбірі қашып тұрған заманда әлем халқының бейбіт өмірге мүдделі, оны сақтау жөніндегі шараларға мұқтаж екенін көрсетеді.

Бүгінде Қазақстанның барлық ізгі қадамының бел ортасында жүрген Ассамблея елмен бірге өсіп, кемелденіп, толыққанды конституциялық органға, ұлт бірлігі идеологиясының басты тірегіне айналды. Түр-түсіне, тілі мен діліне бөлінбей тірлік кешкен ел бақытты. Біз әрқашан ұлтаралық қатынас, татулық, бірлікті қолдаймыз.

**Ашур ХАМИДОВ,**
**өзбек этномәдени бірлестігінің ардагері.**

## БЕРЕКЕМІЗ БІРЛІКТЕ

Қазақстан халқының бірлігі күні – еліміз үшін айтулы мереке. Бұл мереке елімізде 1996 жылдан бері тойланып келеді. Одан бір жыл бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Достық пен ынтымақтастық ұйымы іргесі мықты елдің берік қамалын қалыптастырады. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан, татулықтың тірегі болған Қазақстанда барлық ұлт өкілдері үшін бұл күннің маңызы зор.

Досына – пейілін, ұрпағына – тілегін, қонағына төрін ұсынған қазақ халқы бірлік пен татулықтың қадірін жақсы біледі. Өйткені, ұлт бірлігі кешегі тар жол, тайғақ кешу заманында әлсізге – медет, тарыққанға – демеу, ұлысқа ұран болған. Елбасы Н.Назарбаев: «Біздің Отанымыз ортақ, тілегіміз бір, мақсатымыз жалғыз, ол – Мәңгілік ел Қазақстан!» деп айрықша атап өтті. Олай болса, баршамыздың перзенттік парызымыз – ұлттық игілігімізге айналған татулық пен бірлікті сақтау.

**Гүлкашима ЕСЖАНОВА.**
Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы.

## САБАНТОЙ – ТОҚШЫЛЫҚ ТОЙЫ

Еңбек пен достық мерекесі аталып кеткен «сабантой» татар тілінен аударғанда «Жер өңдеу мерекесі» деген ұғымды білдіреді. Бұл, туысқан татар – башқұрт халқының ежелден келе жатқан ұлық мерекесі Сабантой. Оны кең тойласаң, бидай бітік шығады деген наным бар. Табиғат аясында жиналған жұртшылық күзде жиын-терім мол болсын деген тілектерін жеткізеді. Заман ағымына қарай өзгеріске ұшырап, дамытылып, заманауи реңкке ие болған мерекеге бүгінде ЮНЕСКО-ның мәдени мұра жауһарлары тізіміне енген.

Жалпы, сабантой мерекесін татар, башқұрт, ішінара қазақтар да тойлайды. Бұл мереке 1990 жылдан бастап Татарстан Республикасында мемлекеттік деңгейде аталып өтеді екен.

– Молшылық пен достықтың, еңбектің мейрамы саналатын сабантойда әншілер әуезді әндер шырқап, мың бұралған бишілер би билейді. Сабантой тек татар және башқұрт халықтарының ұлттық мерекесі емес, достықтың мерекесі ретінде өтеді. Бұл мерекеге облысымыздағы барлық ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері атсалысады. Ал түрлі жарыстар мен спорттық ойындарға кез келген адам қатыса алады, – деді татар этномәдени бірлестігінің төрайымы Галия Гизатуллина.

## ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚТЫҢ ТҰРАҚТЫ МЕКЕНІ

1 мамыр – Қазақстанды мекен ететін жүздеген ұлттардың ынтымағы мен бірлігі күні. Соған сай 1995 жылы құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы – ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феноменіне айналды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше саяси маңызы зор құрылым. Бүгінде Қазақстанды мекен ететін ұлттар мен ұлыстар өзара түсіністікте өмір сүріп, рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарап, жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етуде. Ел шаңырағының шайқалмауына, қабырғасының сөгілмеуіне, іргетасының берік қалдуына Елбасының қосқан үлесін ерекше атау керек. Ынтымақ пен бірліктің туын жоғары ұстаған Президент – өзіндік этносаралық және конфессиялық келісімнің жетілдірілген моделі қалыптасқан Ассамблеяның ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтудағы ерекше орган болып табылатындығын көрсетті. Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшелігіне қарамастан, барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Шығыстан батысқа, оңтүстіктен солтүстікке созылып жатқан ұлан-байтақ Қазақ елін мекендеген алуан түрлі ұлт өкілдерін жат санамай бауырына басқан әр қазақтың, бауырмалдық пен қонақжайлығы қанына сіңген қасиеті.

Қарт Қаратаудың етегінен орын тепкен менің туған елім – Жаңақорған да түсі бөтен болса да, тілегі бір, тілі басқа болғанымен, тірегі бір бірнеше ұлт өкілдерінің тұрағы. Онда мекендейтін әр ұлт өкілі тыныштық пен ауызбіршілікте өмір сүруде. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылдап, бір-бірімен қарым-қатынаста емін-еркін сөйлесе алады. Қазақ мақал-мәтелдерін тілге тиек етіп, қара сөзді нақышына келтіріп көркемдеп сөйлей алатын жаңақорғандық өзге ұлт өкілдерін түріне қарап айырмаса, тілінен еш кемшілік байқалмайды. Тіпті біреулері дархан көңіл қазақ көршісімен етене араласып, бір-біріне бауыр басып, ет жақын туысындай болып кетсе, енді біреулері құдаласып, қыз алысып, қыз берісуде. Өзге ұлт өкілдері жергілікті ел ағаларымен тізе қосып аймақтың гүлденіп, өркендеуі үшін елдегі саяси мәселелер мен қатар мәдени өмірге де етене араласып еңбек етеді. Себебі Елбасы Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың ұлттық, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын нығайту, қоғамдағы этносаралық және конвенсияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жасаған. Өзара түсіністік пен ұстамдылықты ту еткен әр қазақстандық бір-бірінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарап, жалпыхалықтық идеялар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етіп келеді.

Осыдан екі жыл бұрын мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, арман қуып, алып шаһар Алматы қаласындағы жоғары оқу орнына мемлекеттік гранты иеленіп оқуға түскен болатынмын. Аталған оқу орнында мен секілді қарапайым қазақ баласымен қатар бірнеше ұлт өкілдері де білім алып жүр. Олар да мен секілді барлық жағдай жасалған және барлығы өмірге құштар, жаңалыққа бейім, өз елінің іргетасы болып қалануға дайын жастар. Біз бір-бірімізді жатырқамай етене араласамыз және өзара көмегімізді аямаймыз. Оқу орнында үш тілде білім беру мықтап қолға алынған. Халықаралық қатынас тілі болып саналатын ағылшын тілінде дәріс беретін шет елдерден келген ұстаздарды да қазақ студенттері жатырқамай, олармен қоян-қолтық араласады. Білімді жастар – Қазақстанның өркендеуінің кепілі. Қазақстан Жер кіндігінде орналасқан ел болғандықтан, азиялық мәдениетпен қатар европалық, тіпті жаһандық өркениеттен хабардар болу әр жастың міндеті деп білемін. Қарапайым қазақи қонақжайлылықты бойына сіңіріп, өз елін мекен ететін өзге ұлт өкілдерін жатсынбай, ортақ мақсаттарға тың идеялармен жету әр қазақтың ұранына айналуы тиіс.

Қазір Қазақстанда елдің ұлттық-мәдени алуандылығын қоғамдық дамудың оң ықпал етуші факторына айналдырудың барлық алғышарттары бар. Бүгінде байтақ елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда.

**Малика НҰРМАХАН,**
**ХАТУ-дың Электронды журналистика факультетінің 2 курс студенті.**

## ЗАТЫМ ОРЫС БОЛҒАНЫМЕН, ҚАНЫМ ҚАЗАҚ

Қазақ халқы қашанда бірлік пен татулық мәселесіне ерекше мән беріп, оны тірліктің тұтқасы, өмірдің өзегі ретінде бағзы заманнан бағалап келген. «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Береке басы – бірлікте», «Ырыс алды – ынтымақ» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдер соның айғағы.

Бірлік пен татулық тәлімінің қазіргі көпұлтты елімізде маңызы ерекше. Мемлекет құраушы, елдің, жердің иесі ретінде қазақ халқы өзге ұлттар мен ұлыстарға оның асқан үлгісін көрсетіп келеді десек, артық айтқаным емес. Тарихқа үңілсек, оған анық көз жеткізе аламыз. Қиын-қыстау кезеңге тап болған өзге ұлт өкілдеріне қашан да қамқор болып, ағалық мейірімін аямаған. Алаш елі тағдырдың жазуымен жер аударылып келген түрлі ұлыстарға төрінен орын беріп, бір үзім нанын бөліскені белгілі. Сол үшін көптеген ұлыстардың өткен және бүгінгі буыны қазақ халқына шексіз риза.

Жуырда, алғаш рет Елордадағы Бейбітшілік пен келісім сарайында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясына Қызылорда делегациясы құрамында қатыстым. Сессияда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қиын кезеңде бірлігімізді ұйытқысы, бастауы ретінде құрылған Ассамблеямыз өзіне жүктелген қастерлі мисияны өте үлкен дәрежеде орындап келе жатыр. Бүгінгі Ассамблея тарихы ол тұрақтылықтың, татулықтың, бейбітшілік пен келісімнің шежіресі болып саналады. Бірліктің киелі бесігі, елді ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірегей тетігі», – деген болатын. Мемлекет басшысы, басты мақсатымыз өркендеп өсіп, 2050 жылы ең жоғары дәрежедегі 30 елдің қатарына қосылып, сол дәрежеге елімізді көтеріп, халқымыздың тұрмыс жағдайын көтеру деді. Ел Президентінің алғаусыз сөзіне разы болдым. Ісі мен сөзі үйлесімді Елбасының «әлемдік ахуал қандай болса да алға қарай ұмтылуымыз керек» деген сөзінде жан бар. Өйткені, өздеріңіз де көріп отырсыздар, қанша дағдарыстан өтіп келеміз. Ешқайсысында сүрінгеніміз жоқ, экономикамызды төмен түсірмей, қайта мемлекеттік бағдарламалардың сәтті орындалуы арқасында шағын және орта бизнес дамып, әлеуметтік-рухани жағдайымыз көтерілді. Биыл еліміз кешенді жаңғыруға кірісті. Бұл – экономикалық түлеудің басы. Сонымен қатар, мемлекетті басқаруды жетілдіре түскен конституциялық реформалар – саяси жаңғырудың негізі. Ал «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалаға өзек болған жобалар рухани кемелденудің бастауы деп білемін.

Ынтымаққа арналған ассамблея бірлігі берік, тірлігі жарасқан көптеген ұлт өкілдерінен тұратын қазақстандықтардың жылы шырайлы жүздесуі болғанын ерекше атап өткен жөн. Астана бейбітшілік пен келісім қаласы екенін бүгіннің өзінде нық сеніммен айтуға болады.

Еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бүгінде қазақ тілінде еркін сөйлеп, оның мәртебесін көтеріп, тұғырын нығайтып жүрген өзге ұлт өкілдері аз емес. Соның бірі өзіммін. Сыр жерінде туып, қазақ тілі ана сүтімен бірге қанымға сіңді. Сондықтан затым орыс болғанымен, қаным қазақ деп айта аламын.

Біздің мақсатымыз – бір, мүддеміз – бір, келешегіміз де, еліміз де – бір. Елбасының айтқан бағдары бойынша Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамдық келісім үшін «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» жұмыс істеп келеміз.

**Кирилл ДЕНИСОВ,**
**Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясына қатысушы.**

## ҰЛЫДАН ҚАЛҒАН ҰЛАҒАТ

Жүргенде көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.
**Әл-Фараби.**

* * *

Өзіңе қарай дос таңда, Күшіңе қарай жүк көтер.
**Жүсіп Баласағұни.**

* * *

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.
Бес нәрсеге асық бол...
Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнесеңіз.
**Абай Құнанбаев.**

* * *

Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.
**Ахмет Байтұрсынов.**

* * *

Жақсымен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елпектеп...
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.
**Махамбет Өтемісұлы**

* * *

Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе, айырылмасын көңіл қошы!
**Баубек Бұлқышев.**

* * *

Адам баласының жасан құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасында көрген үлгі-өнегесінен.

Тумай жатып – толдым деме, толмай жатып – болдым деме.
**Мұхтар Әуезов.**

## ҚҰДА-ЖЕКЖАТ КӨРЕЙЛЕР

**Кан Елена Семеновна Шиелі ауданының Авангард колхозына келіп, жұмысқа орналасқан кезінде жап-жас келіншек еді. Ол ұзақ жылдар бойы аталған шаруашылықта есепші болып қызмет атқарды. Өмірлік серігі Тен Александр екеуі ілгеріде Қазалыдағы техникумда қатар білім алып, сонда жүріп көңіл жарастырыпты. Қызметті де осы ауылда бірге бастады. Содан беріде көш-керуеннің соңында жарты ғасыр уақыт қалыпты. Елена апамыз қазір сексенінші көктемді қарсы алып отыр. Әрине, бұл аз уақыт емес.**

– Қазақтармен құда-жекжат болып әбден араласып кеткенбіз, – деген Елена әжей қазақ тілінде қиналмай сөйлегенде ішіміз әжептәуір жылып қалды. Айтатынындай бар, осы өзіміз әңгіме етіп отырған отбасының үлкен қызы – Вика қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан, Қостанайдың қазағы Әділхан Ысқақовтың жары, екі-үш бала тауып берген отанасы. Ал Ақтөбе медициналық институтын бітіріп, дәрігер мамандығын алып шыққан Сергей де өзімізге күйеу бала. Оның келіншегінің есімі – Ләззат. Ал Жанна есімді ортаншы қызының ұлы, яғни немересі – Александр да қазақ қызын жар етіпті. Дастархан жайып, шай қойып зыр жүгіріп жүрген осы үйдің келіні – Зүльфия Сарыағаштан екен. Олардың да екі ұлы бар, жұбайы Александр Тен өмірден ертерек өткенімен шаңырағы орнында, осылай балалары өсіп-өніп, ұрпағын көбейтуде.

Көпшілікке белгілі, сонау 1937 жылдан бастап сол кездегі солақай саясаттың салдарынан Қиыр Шығыстағы шекара аумағынан корей ұлтының өкілдері Орта Азияға жер аударыла бастады. Олардың басым бөлігі Өзбекстан Республикасы мен Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал мен Балқаштың жағалауындағы елді мекендерге орын тепті. Кәрейлердің бір шоғыры Сыр бойының Шиелі ауданына келіп қоныстанған болатын. Сталин мен Молотов қатар қол қойған қаһарлы құжат жалмажан жүзеге асырылып, Примор аумағының кешегі тұрғындары колхоз-колхоз болып түп көтеріліп, осында келді. Большевик, Авангард, Гигант аталатын колхоздар кіл кәрейлерден құралған шаруашылықтар еді. Бұрыннан да өздеріне қолайлы кәсіп санайтын олар егіншілік ісін өзен жағалауында жалғастырды. Диқаншылықтың көзін білетін еңбекшіл халық көкөніс пен бақшаны жайнатып, күріштіңізді де тербелтіп қойды. Сол кездегі мәліметтерге сенсек, жоғарыдағы депортациялау жарлығы бойынша 172 мың корей ұлты өздерінің тарихи отанынан жер аударылған екен. Бұл дүрбелеңнің басты себебі – Жапон мен Қытай арасындағы кикілжің салдары болатын. Корея сол кездері жапондықтардың бір бөлігі саналатын еді.

Хош, сонымен Шиелі ауданына келіп жайғасқан кәрейлердің үш шаруашылығы егіншілік саласынан өзге мәдени өмірде де үлкен сілкініс әкелді. Бұрын мал бағумен айналысатын жергілікті халық ұйымдасқан шаруашылықтар маңына біртіндеп топтаса бастады. Азаматтары мал шаруашылығымен қатар егіншілікке де бой ұйретті. Бастысы, жергілікті халық пен теңіз асып келгендер тату да ынтымақты өмір сүрді. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі таңдайдан кетпейді» демекші, жылы қабақ танытып, қамқор қолын созған қазақтарды корей ұлтының өкілдері өмір бойы сыйлап, құрметтеуінен танған жоқ.

Диқаншылықтың тиімді технологиясын меңгерген олар жылма жыл мемлекеттік жоспарды асыра орындап, қырманды Сыр маржанына толтырумен болды. Соғыстан кейінгі 50-60 жылдары осы ауылдың өзінен 16 бірдей Еңбек Ерінің шығуы расында таңқаларлық оқиға еді. Қазақтар да сол кезде күріш өсіруге зейін аударып, оның қырсырын жете үйренуге күш салды. Ыбырай Жақаевтың екі мәрте Еңбек Ері атанып, соңынан көптеген ізбасар ертуі жергілікті халықтың да бейімділігімен бірге, адал бейнетті арда санайтындығының белгісі болса керек. Шиелі ауданынан шыққан 41 Еңбек Ерінің 29-ы корей ұлтының өкілі еді.

Елена Семеновна мен Тен Александрдың отбасына Шиелі құт-береке әкелді. Тұңғыштары Виканың соңын ала өмірге Евгений, Жанна, Мила, Сергей келді. Қазір бәрі де осы ауылдан қанаттанып ұшып, кең әлемнің түкпір-түкпірінде тіршілік етіп келеді. Бәрі де жоғары білім алған, қалауларынша шаңырақ көтерген. Бір қызығы, Сыр өңірін, оның ішінде Шиелініі жанындай жақсы көретін корей балалары қазақтармен әлі қарым-қатынасын үзген емес, дос көңілмен араласып, жоғарыда айтқандай, кейбірімен құда-жекжат дегендей, біте қайнасып жатыр.

– Шаруашылықтың алғашқы басшыларының бірі Хан Виктор, күріш өсірудің шеберлері Цой Ен Сун, Чагай Гейсеби, Цон Максим, Те Василий, Хегау Александр, Ли Вера бәрі де нағыз азаматтар еді, – деп Елена әжей бұрынғы еңбек озаттарын еске алды.

Бүгінде Авангард ауылында 20-дан астам корей отбасы тұрады. Ким Александр, Пак Герасим, Ким Алеша, Мун Адольф, Ким Элла және тағы басқалар әлі де қызу еңбектен қол үзбеген жандар. Жергілікті халықпен біте қайнаса тіршілік ететін олар тәуелсіз Қазақстанның дамып, әлемдегі озық елдердің қатарынан көрінуіне тілектестігін білдіріп отыр. Елбасының ұзақмерзімді жоспарларының тиянақты орындалып, әлеуеттің әлеуметі көтеріле беруіне сенімділікпен қарап, өздері де шама-шарқынша атсалысуға әзір.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы, Ақмая ауылы.

***Адам баласының асқар асуларының бірі сексеннің сеңгіріне келген отандық философияның атақты өкілі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбайұлы бұл жасқа әдемі келіп отыр. Қасіреті мол отыз жетінші жылы ұсталып, атылып кеткен әкесінің жасамаған жасын жасады, ол сүйе алмаған ұл-қыз, немере-шөбере сүйді, еліне білім-ғылымымен, ой-парасатымен қызмет етті. Отбасы бүтін, маңайы аман-сау, сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасынан басталған, қазір де көз қиялында жатқан ғылым жолын қайта-қайта еске түсіріп, қиыншылығы аз болмаған, қуанышы мен табысы да жеткілікті болған пенделік тағдырына шүкіршілік етіп қояды. Бұл – тағдырдың үлкен сыйы, шынайы бақыты деген осы болар.***

# ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫ

## *Академик Ә.Нысанбаев туралы бір үзік сыр*

Бұл бақыт құсы қолға жайдан-жай қона салған жоқ. Тұрақты ізденіс, қиыншылықты жеңу, алға жылжу, тынымсыз күресті, қажыр қайратты талап етті. Жасынан серік еткен оқу-білім және ғылым өрге сүйреді, өсірді. Жаңа асуларға жетеледі.

Сонау мектеп қабырғасында оқуға деген ықылас-ынта, әсіресе математика пәніне деген ерекше көңілі сол кездегі республикадағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі – Қызылорда педагогикалық институтына түскенде үдей түскен болатын. Осыны шәкіртінің тал бойынан бірінші курста-ақ байқаған тамаша әдіскер-математик, ғылым профессоры, декан Әбдікәрім Тәжмағанбетов қатарластарынан алда келе жатқан Сталин атындағы стипендия иегеріне: «Зердең үшкір, өзгеден ойың өткір, математикаға қабілетің өзіңнің ғылыми қорытындылауға бейімділігіңмен әдемі үйлеседі, сөзіңде философиялық барлау басым, осы бағытыңнан танба», – деген еді. Осыдан 60 жылдай бұрын айтылса да, ұстазының осы жүректен шыққан шынайы өсиеті Әбекең жадында қатты сақталып қалып еді. Алайда, сол кездері осы математикаға деген сүйіспеншілік күндердің күнінде ғылымдар атасы – философияға алып келеді, ал ол берісі математикалық, әрісі бүкіл дүниетанымның қыры мен сыры тереңірек ұғынуға жетелейді деп есте ойлаған жоқ.

Осылайша «ғылымдар қазығы» математика алға түсіп, еліміздің астанасы Алматыға әкелді. Алғашқы қызметін институттағы екінші бір сүйікті ұстазы, сол кездегі проректор Жұмаш Кәрімұлы Уәлиевтің тікелей кеңесімен Химия институтынан бастаған Әбекең көп ұзамай 1961 жылы өмірлік құты, қызметтік те ғылыми да мекені болған Философия және құқық институтына ауысты. Ғалымның шынайы жарқын жолы осылай басталды. Өз бағытындағы ғылыми әдебиеттерден бас алмай, жатса да, тұрса да қолында кітап жүру өмірлік дағдыға айналды, рухани серік болды. Осы кітап биікке шығарды, талай шыңдарды игертті.

Әбдімәлік Нысанбаев өмірінде Мәскеудегі аспирантураға түсу, оқу, ізденістер жылдары ерекше орын алады. Кеңестік философия ғылымның жетекшілерінен дәріс алу, олардың кейбіреулерімен ауызба-ауыз тілдесу, пікірлесу Әбекең үшін қайталанбас ғылым мектебі болды. Ал астананың мәдени тұрмысы кеше ғана Сыр бойының топырағын шаңдатып жүрген ұрпақтың ой-өрісін өсіріп, танымын кеңейте түсті. Талабын тасқындатты. 1964 жылдың желтоқсанында аспирант «Математикадағы шындық табиғатын ашудағы сәйкестік принципінің маңызы» атты тақырыпта өзі аспирантурасында оқыған КСРО ҒА Философия институтында кандидаттық диссертация қорғады. Шынына келгенде, бұл тақырып Әбекең үшін ерекше маңызды болды. Осы мәселе өзінің әртүрлі нұсқасында ғалымның ғылыми шығармашылық бағдарының темірқазығына айналды десек, қателесе қоймаспыз. Сол себептен алғашқы еңбектерінің бірін «Математика және дүние тану» деуі, кейін де іргелі еңбектерін «Диалектика және қазіргі математика» (1982), «Ғылымды математикаландыру: әлеуметтік, мәдени және методикалық мәселелер» (1990) деп атауы жайдан-жай емес еді. Өйткені шындықты тану – бүкіл ғылыми танымның басты да өзекті мәселесі екені белгілі.

Жарты ғасырға жақын ғылым жолында Ә.Нысанбаев философия отауынан ұзаған жоқ. Сонау 1973 жылы қазіргі қазақ философиясының патриархы Жабайхан Әбдильдинмен бірге дайындаған «Теорияны құрудың диалектикалық логикалық қағидаттары» атты монография Әбекеңнің атын философия тарихына алғаш бедерлі таңбалап еді. Кейін бұл бағытта талай тер төгіліп, талай еңбектер жазылды.

Мені, азын-аулақ қоғамның саяси және әлеуметтік мәселесімен айналысып жүрген маманды, әрине, Әбдімәлік Нысанбаев еңбектерінің ішінен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өзекті өзекті мәселелерін қозғаған әлеуметтік философиясы қызықтырады. Осы бағытта бірер ойымды ортаға салсам деп едім. 1998 жылдары «Адам және ашық қоғам. Человек и открытое общество», «Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. Казахстан. Демократия. Духовное обновление», 2001 жылы «Философия взаимопонимания», 2002 жылы «Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. Глобализация и устойчивое развитие Казахстана», 2004 жылы «Глобализация и проблемы межкультурного диалога» т.б. еңбектері кешегі кеңестік кезеңнен өзінің мазмұны мен мәні жағынан өзгеше құрылып жатқан қазіргі қоғамның аса бір зәру мәселелеріне арналған болатын. Қоғамтануды, әлеуметтануды өз философиясының негізгі бағыттарының бірі еткен ғалымның бұл ізденістерін толық түсінуге болады.

Жаңа қоғам үшін барлық адамдарға бірдей тең құқық, олардың ақыл-ойлары мен қажыр-қабілетін еркін дамытуға мүмкіндік беретін демократиялық қағидаттар аудай қажет. Қазіргі күні қоғамдағы күн өткен сайын терең тамырлап келе жатқан демократиялық пен кешегі тоталитарлық сананың күресі кейде айқын, кейде көзге көрінбей жүріп жатыр. Сол себепті қоғамда демократиялық үрдістерді тереңдете түсетін құбылыстарды жан-жақты қолдау алда да маңызды мәселе бола бермек.

Алыс-жақынды елей бермейтін, адам өмірінің барлық саласына – экономикаға, саясатқа, мәдениетке, тілге, білімге, рухани адамгершілік дамуға елеулі әсер етіп отырған жаһандану мәселесі де ғалымның назарында тұрақты орын алып отырғанын аңғартады. «Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы» атты еңбегінде философиялық тұрғыдағы сарапшы отандық ғылымда алғашқылардың бірі болып осы үдерістің мәнін, оның мемлекетіміздің тәуелсіздігіне әсерін жан-жақты көрсеткен болатын. Басқа еңбектерінде де осы тақырыпқа талай қалам тартылды. Ең басты нәрсе, ашық қоғамға қытай қорғанын салу жат. Сол себепті мемлекетіміздің ішкі бірлігінің берік болуы, көп этносты халықтың тұтастығы, саяси тізгіннің мықтылығы, әлеуметтік және экономикалық салалардағы өзіндік жаңарудың қарқыны жаһандану зардаптарын бойға дарытпайтын материалдық һәм рухани қамалдар болары сөзсіз.

Бұлар ғалымның әлеуметтік философиясына қатысты туралы бірер ойлары ғана. 1990 жылдан 2011 жылға дейін Қазақстан философиясының қара шаңырағын басқарған Ә.Нысанбаевтың еңбектерінсіз отандық философияны, ғылымның философиялық негізін түсіну қиын. Бұлар туралы торқалы той қарсаңында талай мақалалар жазылып, пікірлер әлі айтылар.

Қазақ «Жақсы адамдар жанында жүр» деп жатады. 1999 жылы Мәжіліс сайлауына қатысып, екінші рет Парламент мүшесі болғанымда Әбекең – Әбдімәлік Нысанбаев жолығып қалып, менің екінші рет депутат болғаныммен құттықтады да: «Әбеке, ғылым кандидатысыз, енді алға жылжудың әдемі бір сәті түсіп тұр. Жұрт Парламентте болмай-ақ, ол туралы қалам тартып жүр. Сізге осы тақырыптан докторлық диссертация қорғау керек», – деген болатын. Осылайша, «Қазақстан Республикасының кәсіби Парламентінің қалыптасуы» атты монография дүниеге келіп еді.

Осындай абзал азамат, тамаша ғалым, 100-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларына ұстаздық еткен Әбекеңе, елу жылдан астам жан серігі, отбасындағы мықты сүйеніші болып келе жатқан Зейнеш апай екеуіне алда да бақытты жылдар мол болсын деген шынайы тілек білдіргіміз келеді.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**
**саяси ғылымдарының докторы,**
**профессор.**

**Жоба**

### 2017 жылға арналған субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының квоталарын белгілеу туралы

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10190 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары және жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «__» _________ №___ қаулысына 1-қосымша

Субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

| № | Тұқым шаруашылығының аттестталған субъектілері мен аудандардың (қаланың) атауы | Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды нақты өндірген көлеміне, тонна | Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна | Элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна | Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС | - | - | 16,7 | - |
| 2. | «Түгіскен ТШ» ЖШС | - | - | 3,1 | - |
| 3. | «Мағжан және К» ЖШС | - | 21,8 | - | - |
| 4. | Жаңақорған ауданы | - | - | - | 29,1 |
| 5. | Шиелі ауданы | - | - | - | 41,3 |
| 6. | Сырдария ауданы | - | - | - | 65,3 |
| 7. | Жалағаш ауданы | - | - | - | 67,9 |
| 8. | Қармақшы ауданы | - | - | - | 53,1 |
| 9. | Қазалы ауданы | - | - | - | 25,5 |
| 10. | Арал ауданы | - | - | - | - |
| 11. | Қызылорда қаласы | - | - | - | 11,6 |
| | Облыс бойынша: | - | 21,8 | 19,8 | 293,8 |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «__» _________ №___ қаулысына 2-қосымша

Субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

| № | Қала мен аудандардың атауы | Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды нақты өндірген көлеміне, тонна | Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна | элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна | Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқым шаруашылығының егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Жаңақорған ауданы | - | - | - | 1,6 |
| 2. | Шиелі ауданы | - | - | - | 1,2 |
| 3. | Сырдария ауданы | - | - | - | 1,2 |
| 4. | Жалағаш ауданы | - | - | - | 1,4 |
| 5. | Қармақшы ауданы | - | - | - | 0,7 |
| 6. | Қазалы ауданы | - | - | - | 1,0 |
| 7. | Арал ауданы | - | - | - | - |
| 8. | Қызылорда қаласы | - | - | - | 0,4 |
| | Облыс бойынша: | - | - | - | 7,5 |

Ескертпе. Аббревиатураның толық жазылуы:
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
Оригинатор – бірегей тұқым өндіруші;
Элиттұқымшар – элиталық тұқым шаруашылығы;
Тұқымшар – тұқым шаруашылығы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «__» _________ №____ қаулысына 3-қосымша

Субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы

| № | Қала мен аудандар атауы | Нақты сатып алынған жеміс-жидек дақылдарының элиталық көшеттері, дана | Нақты сатып алынған жүзімнің элиталық көшеттері, дана |
|---|---|---|---|
| 1. | Жаңақорған ауданы | 20 000 | - |
| 2. | Шиелі ауданы | 50 000 | - |
| 3. | Сырдария ауданы | - | - |
| 4. | Жалағаш ауданы | - | - |
| 5. | Қармақшы ауданы | - | - |
| 6. | Қазалы ауданы | - | - |
| 7. | Арал ауданы | - | - |
| 8. | Қызылорда қаласы | - | - |
| | Облыс бойынша: | 70 000 | - |

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы №739 қаулысы**

**Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 24.04.2017 жылы № 5805 тіркелген**

### «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 125 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 125 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5125 нөмірімен тіркелген, «Кызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2015 жылғы 11 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған «Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.»;

аталған қаулымен бекітілген «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы 17 наурыздағы № 739 қаулысымен бекітілген

«Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызмет берушінің атауы: «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бекітілген «Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат, қайта ресімделген рұқсат және ұзартылған рұқсат (бұдан әрі – шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат) не стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынуы немесе портал арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген күні және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілген өтініштің үзбелі талонын және стандарттың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойыншатиісті қолхатты(бұдан әрі - өтініштің үзбелі талоны) береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады(жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды(отыз минуттан аспайды);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және Қызылорда облысына шетелдік жұмыс күшін тартуға жұмыс берушілерге рұқсат беру жөніндегі комиссиясына (бұдан әрі – комиссия) қарауына ұсынады (алты жұмыс күні ішінде);

5) комиссия қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына рұқсатты беру не рұқсатты беруден бас тарту туралы ұсынымын (бұдан әрі – ұсыным) жолдайды (бір жұмыс күні ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы комиссияның ұсынымына сәйкес қабылданған шешім жөнінде хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі сағат ішінде);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минуттан аспайды);

8) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды (бір жұмыс күні ішінде), көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге рұқсатты бергені үшін алымды енгізгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін (бұдан әрі – қажетті құжаттар көшірмелері) тапсырғаннан кейін (он жұмыс күні ішінде) рұқсатты әзірлейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды, ал көрсетілетін қызметті алушы екі жұмыс күні өткен соң рұқсатты алуға келмеген жағдайда, рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

9) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген мекен-жайы бойынша пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты пошта арқылы жібереді (бір жұмыс күні ішінде).

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9 - тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды, рұқсатты қайта ресімдеу жөнінде шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бес жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті беруші басшысының рұқсатты қайта ресімдеу жөнінде шешіміне сәйкес рұқсатты қайта ресімдейді, қабылданған шешімі жөнінде хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) дайындайдыжәне көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі сағат ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаға, қайта ресімделген рұқсатқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері хабарламаны және қайта ресімделген рұқсатты тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды (бір жұмыс күні ішінде).

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды, рұқсатты ұзарту немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (үш жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті беруші басшысының рұқсатты ұзарту не бас тарту туралы шешіміне сәйкес рұқсатты ұзартады, қабылдаған шешімі жөнінде хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі сағат ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаға, ұзартылған рұқсатқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды (бір жұмыс күні ішінде), көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге рұқсатты бергені үшін алымды енгізгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін (бұдан әрі – қажетті құжаттар көшірмелері) тапсырғаннан кейін (он жұмыс күні ішінде) ұзартылған рұқсатты көрсетілетін қызметті алушыға, ал көрсетілетін қызметті алушы екі жұмыс күні өткен соң рұқсатты алуға келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды(отыз минуттан аспайды);

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген мекенжайы бойынша пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, ұзартылған рұқсатты пошта арқылы жібереді(бір жұмыс күні ішінде).

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады(жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды(жеті жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, қабылданған шешімге сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе бас тарту туралы хабарлама мен бұйрықтың жобасын (бұдан әрі – бұйрық) дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі сағаттың ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарлама мен бұйрыққа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы хабарлама мен корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері хабарлама мен корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді(бір жұмыс күні ішінде).

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеужәне ұзарту үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады(жиырма минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу және ұзарту немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бес жұмыс күні ішінде);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, қабылданған шешімге сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу және ұзарту туралы хабарлама мен бұйрықтың жобасын (бұдан әрі – бұйрық жобасы) дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі сағаттың ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарлама мен бұйрыққа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы хабарламаны және корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға қайта ресімделген немесе ұзартылған рұқсатты тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері хабарлама мен корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға қайта ресімделген немесе ұзартылған рұқсатты тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді (бір жұмыс күні ішінде).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне рәсімдері (іс-қимылдары), көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

10. Қызметті портал арқылы көрсету кезіндегі көрсетілетін қызмет беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) кезектілігі мен жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы порталда тіркеледі және көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлы қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш (бұдан әрі – электрондық сұраныс) пен стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы электрондық сұраныс пен құжаттарды қабылдайды, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұраныстың қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді (жиырма минуттан аспайды);

электрондық сұраныс пен құжаттар қабылданғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары осы регламенттің 6-тармағының 2-9, 2-7) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады;

көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолдайды (жиырма минуттан аспайды).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасыосы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

«Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу кезінде:

| 1 | Іс-қимылдың (жұмыс ағымы, барысы) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Комиссия | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтіштің үзбелі талонын береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | комиссияның ұсынымына сәйкес хабарламаны дайындайды | хабарламаға қол қояды | хабарламаны тіркейді жәнекөрсетілетін қызметті алушыға жолдайды | көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген мекен-жайы бойынша пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты пошта арқылы жібереді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды комиссияның қарауына ұсынады | көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына рұқсатты беру не рұқсатты беруден бас тарту туралы ұсынымын жолдайды | хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың көшірмелерін тапсырған соң рұқсатты әзірлейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды,көрсетілетін қызметті алушы екі жұмыс күні өткен соң рұқсатты алуға келмеген жағдайда, рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 30 минуттан аспайды | 6 жұмыс күні ішінде | 1 жұмыс күні ішінде | 2 сағаттың ішінде | 30 минуттан аспайды | хабарламаны жолдау - 1 жұмыс күні ішінде; қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсыну - 10 жұмыс күні ішінде; рұқсатты жолдау – 30 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде |

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу кезінде:

| 1 | Іс-қимылдың (жұмыс ағымы, барысы) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді | құжаттарды қарайды | көрсетілетін қызметті беруші басшысының шешіміне сәйкес қабылдаған шешімі жөнінде хабарлама дайындайды | хабарламаға, қайта ресімделген рұқсатқа қол қояды | хабарламаны жәнеқайта ресімделген рұқсаттытіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | рұқсатты қайта ресімдеу жөнінде шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | хабарламаны, қайта ресімделген рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 5 жұмыс күні ішінде | 2 сағаттың ішінде | 30 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде |

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзартукезінде:

| 1 | Іс-қимылдың (жұмыс ағымы, барысы) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді | құжаттарды қарайды | көрсетілетін қызметті беруші басшысының шешіміне сәйкес рұқсатты ұзартады, қабылдаған шешімі жөнінде хабарлама дайындайды | хабарламаға, ұзартылған рұқсатқа қол қояды | хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды | көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген мекен-жайы бойынша пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, ұзартылған рұқсатты пошта арқылы жібереді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | рұқсатты ұзарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | хабарламаны, ұзартылған рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттардың көшірмелерін тапсырғаннан кейін ұзартылған рұқсатты көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды, көрсетілетін қызметті алушы екі жұмыс күні өткен соң рұқсатты алуға келмеген жағдайда,көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 3 жұмыс күні ішінде | 2 сағаттың ішінде | 30 минуттан аспайды | хабарламаны жолдау - 1 жұмыс күні ішінде; қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсыну - 10 жұмыс күні ішінде; рұқсатты жолдау – 30 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде |

корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты алу, қайта ресімдеу немесе ұзарту кезінде:

| 1 | Іс-қимылдың (жұмыс ағымы, барысы) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің үзбелі талонын береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды және қабылданған шешімге сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе бас тарту, қайта ресімдеу немесе ұзарту туралы бұйрық жобасы мен хабарламаны дайындайды | бұйрық және хабарламаға қол қояды | хабарламаны тіркейді | хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама мен корпоративішілік ауыстыру шеңберінде рұқсатты, қайта ресімделген немесе ұзартылған рұқсатты береді |
| 4 | Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | көрсетілетін қызметті алушыға корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе бас тарту, қайта ресімдеу немесе ұзарту туралы шешім қабылдайды және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | бұйрық жобасы мен хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | бұйрықты және хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | хабарламаны және корпоративішілік ауыстыру шеңберіндегі рұқсатты, қайта ресімделген немесе ұзартылған рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | рұқсат беру кезінде - 7жұмыс күні ішінде; қайта ресімдеу кезінде - 5 жұмыс күні ішінде; ұзарту кезінде – 5 жұмыс күні ішінде | 2 сағат ішінде; | 30 минуттан аспайды | 30 минуттан аспайды | 1 жұмыс күні ішінде |

«Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу кезінде:




шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу кезінде:




7-бет

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзартукезінде:




корпоратившілік ауыстыру шеңберіндешетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты алу, қайта рәсімдеу немесе ұзарту кезінде:




«Жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін не корпоратившілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу кезінде:




6-бет

Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес- процесінің анықтамалығы

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу кезінде:




шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта рәсімдеу кезінде:




шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту кезінде:




корпоратившілік ауыстыру шеңберіндешетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты алу, қайта рәсімдеу немесе ұзарту кезінде:





## КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

# АННА

**Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:**

- **Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;**
- **Қайғы-қасіретке ұшырау;**
- **Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);**
- **Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;**
- **Жұбайлардың кетіп қалуы;**
- **Белсіздік, баласыздық;**
- **Жалғыздық, некесіз тұру;**
- **Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;**
- **Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;**
- **Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.**

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

**Құрметпен, Думайбековтер отбасы.**

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

**Құрметпен, Әмина.**

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бетен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

**Арсен.**

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

**Диана.**

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

**Мирас.**

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

**Фатима.**

**Анна Сіздерді мамырдың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, сол жақта «Татьяна» салоны, Анна деген жазу ілулі тұрады).**


## Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

| р/с | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау-шылардың аты-жөні | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау-шылардың лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Байланыс телефон-дары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалғасбаев Ертілеу Шынтасұлы | Басқарма басшысының міндетін атқарушы – Бас мемлекеттік еңбек инспекторы | Сәрсенбі, қабылдау сағаты 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301 а | 8 (724 2) 26-34-76 |
| 2 | Шалбаева Тұмар Балтабайқызы | Басқарма басшысының міндетін атқарушы – мемлекеттік еңбек инспекторы | Бейсенбі, қабылдау сағаты 15.00-17.00 | Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301 а | 8 (724 2) 27-22-85 |

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (724 2) 27-76-99 нөмерлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті облыс тұрғындары!**

Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаменті «Әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі бағыттары бойынша» үстіміздегі жылы айына бір рет (әр айдың соңғы жұма күні) азаматтарға «Ашық есік» күні өткізілетіндігін хабарлайды.

**Өткізу кестесі:**

2017 жылдың 28 сәуірі
2017 жылдың 26 мамыры
2017 жылдың 30 маусымы
2017 жылдың 28 шілдесі
2017 жылдың 25 тамызы
2017 жылдың 29 қыркүйегі
2017 жылдың 27 қазаны
2017 жылдың 24 қарашасы

**Өткізілетін мекенжайы: Бекзатхан Асқар көшесі, 47. Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ғимаратының 1-қабатында, сағат 10.00-17.00 дейін.**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Бекетов Серікбай Маханбетқалиұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ақжарма ауылы, Садық Ахун көшесі №10 үй 1 пәтерге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-153-007-602, №0111538) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

● ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

# ҚАРАПАЙЫМ МІНЕЗДІ, ҚАЙСАР РУХТЫ

***Үйдей неміс танкісі жолында кездескен кедергілерді саз балшықтай илеп зымырап келеді. «Жолбарыс» аталатын соңғы үлгідегі батпан салмақты темір тажалға жүрек дауалап қараудың өзі қиын. Әне-міне дегенше шептің оң қанатындағы зеңбірек расчетын жаншып өтіп, бұларға қарай ұмтылды. Бекжан төнген қатерді, нақтысы, тура жеткен ажалды жан-тәнімен сезінді. Санасына жарық ғаламдағы ең жақыны – анасы Күнжан мен тетелес апасы Назираның үрейлі жүздері елестегенде денесі түршікті. Құлағына майданға шығарып салардағы анасының «Бір Аллаға тапсырдым. Қарабура әулие, Есет баба, Жаңқожа батыр атамның аруағы жар болсын, жалғызым!» деп жер-көкті күңіренте егілген зарлы үні оралды. Бекжан дүр сілкінді. Дөп қимылдамаса, қыршынынан қиылатыны айдан анық. Онда жатса да, тұрса да мұның аман-сау елге оралғанын тілеген анасы мен бауырының жайы қалай болмақ?***

***Зеңбірегін бронь бұзғыш снарядпен оқтап жатып: «Босаңсыма, Бекжан! Сен тірі қалуға тиіссің» дейді күбірлеп. Фашист танкісі тағы жыртқыштай гүрілдеп жақындай бергенде нысанаға іліктіріп үлгерді. Өмір дегенді қойсаңшы. Жаңа ғана жарық ғаламның әміршісіндей көрінген тажалды техника дәрменсіз күйде лаулап жанып жатыр. Іле-шала тұтас майдан шебінен үздіксіз зіркілдей атқылаған ауыр артиллерия екпініне шыдамаған жау әскерлері дүркірей қашты. Данциг қаласын алудағы қанды шайқастағы осы ерлігі үшін №16 гвардиялық ауыр артиллериялық полкінің артилерисі Бекжан Дидаров «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды.***

Қарапайым мінезді, алайда, қайсар рухты азаматтың ерлікке толы жауынгерлік жолы бұдан әрі де жалғаса берді. Көп ұзамай техниканы шебер меңгеріп, жауды нысанаға алуда асқан әбжілдік танытқан Дидаров Бекжан «Үздік артиллерист» төсбелгісімен марапатталды. Майдан даласындағы ерлігі Рига, Тарту, Данциг қаласын азат етудегі қаһармандығы үшін Жоғары бас қолбасшы, Совет Одағының маршалы Иосиф Сталиннің мақтау қағазын жеті мәрте иеленді. Саралап ойлап көріңізші. Қорғасын оқ жаңбырша жауған, миллиондаған адам жан алысып, жан берискен қанды-қырғын шайқастан аман қалудың өзі үлкен олжа. Ал, сол миллиондардың арасынан ерлік жасап көзге түсу нағыз саңлақтың ғана қолынан келеді. Оған соғыс кезеңінің темірден де мықты тәртібін, аяушылықты білмес қатал заңын қосыңыз. Ұрыс алаңынан бұйрықсыз шегінгендерді жусатып салған Сталиннің пәрмені қарт майдангерлердің жадында әлі күнге сақтаулы шығар. Міне, осындай шақта сол Сталиннің мақтау қағазын әлденеше мәрте алу ерліктің шыңындай десек, артық болмас.

Сондай-ақ, Дидардың Бекжаны екі рет «Ерлігі үшін» медалін жарқыратып төсіне тағыпты. Қолымдағы оған берілген мадақтамаларды мұқият тізбектеген қызыл әскердің кітапшасындағы жазуды зор тебіреніспен оқып шықтым. Зердемде гүрсілдеп жарылған снаряд үні, өлім алдындағы жанұшырған айғай, саңқылдап немісше-орысша берілген команда, алаулап жанған танктер, селдей аққан қан, жайрап жатқан жансыз денелер, көз жасын селдеткен солдаттардың аналары жалт ете түсті. Бойымды үрей биледі. Бейбіт заманға жеткізген аталар мен әкелердің аруағына құран бағыштап, олардың алдында қаншалықты қарыздар екенімізді терең түйсіндім.

Гвардия ефрейторы Бекжан Дидаров Жеңіс күнін Берлин қаласында қарсы алды. «Қырық жыл қырғын болғанмен ажалды өледі» деген рас екен. Елге жетіп, бейбіт өмірге білек сыбана кіріскен Бекжан қандай жұмыстан болсын тартынған жоқ. Жданов колхозында қатардағы колхозшыдан бастаған еңбек жолында егіс бригадирі, ферма меңгерушісі, колхоз басқармасы төрағасының орынбасары, колхоз төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Кешегі батыр жауынгер енді еңбек майданының екпіндісі атанды. Соғыстың зобалаңынан есін жаңа жинай бастаған ауылдастарының арқасүйер, пана тұтар азаматына айналды. Ананың сүтімен, әкенің қанымен бойға дарыған адами қасиеттерден ешқашан айныған емес.

Әке! Осынау ұлы есімге Бекжан жасынан шөліркеп өсті. Оның әкесі Дидар бұл небәрі төрт, апасы Назира бес жасқа толғанда ғұмырдан өтіпті. Айтушылардың сөзіне қарағанда, Дидар марқұм Ақтөбе облысының Елек өзені бойын жайлаған ағайын-тумасы, қалың Тама руы ішіндегі қарындасының отбасын Қазалыға көшіріп әкелуге бара жатып науқастан көз жұмады. Арыстай азаматтың ажалына себеп болған дерттің аты – тырыспай (соқырішек) екен. Неткен өкініш?! Медицинаның қазіргідей дамыған сәті болса, аман қалар ма еді, кім білсін?! Үйелмелі-сүйелмелі қалған қос мұңлықты аналары Күнжан мен нағашылары қатарға қосады. Енді еңсе тіктеген сәтте қарғыс атқыр соғыс басталды. Бұл сынақтан да сыр бермей өткен батыр артиллерист, еңбек майталманы Бекжан Дидаров соғыста алған жарақатының салдарынан өмірден озды. Алайда оның соңында қабырғалы елі, ұрпақтары қалды.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# СЫРДАҒЫ СУРЕТШІЛЕР СИМПОЗИУМЫ

**Бейсенбіде Қызылордада «Жайнай бер, Қызылорда!» атты республикалық суретшілер симпозиумы басталды. Шараның ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысушыларға сәттілік тіледі.**

Көзімен көріп, көңілге түйгенін алпыс екі тамырынан өткізіп барып бейнелейтін қылқалам шеберлері тарихты бәр сәтке тоқтата алатын қасиетке ие. Өйткені олар осы өнері арқылы өткенімізді көз алдымызға әкеліп, тарихымызды тірілте алады.

– 1928 жылы суретшілер көрмесі алғаш рет Қызылорда қаласында ұйымдастырылды. Бұл Сыр елінің кескіндеме өнеріндегі ролін айшықтай түседі, – деді Р.Рүстемов.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған шараға Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Шымкент, Павлодар, Петропавл, Қарағанды, Өскемен қалалары мен Қызылордадан өкілдер қатысты. Басқарма басшысы Ержан Әбдірахманов симпозиумның табысты өтуіне тілектестік білдіріп, оларға қажетті құрал-жабдықтар табыс етті. ҚР Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов мұндай шаралар кәсіби суретшілер мен жас талант иелерінің өзара пікір алмасып, тәжірибе бөлісу мүмкіндігі екенін айтты.

Шара 3 мамырға дейін жалғасады. Осы уақыт ішінде қатысушылар Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата кешенінде, Жаңақорған ауданындағы Қаратау жоталарында, және облыс орталығында пленэрлік жұмыспен айналысады. Галерея қоры осылайша туған жердің ажарын айшықтайтын жаңа картиналармен толыға түспек.

**Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.**

# ҚАЗАЛЫ АҚТӨБЕЛІКТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

**Ақтөбе облысындағы су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге көмек беру мақсатында Қызылорда облысы жастарының бастамасымен үндеу қабылданғаны белгілі. Табиғаттың тосын мінезінен қиын жағдайға тап болған отандастарымызға аймақ кәсіпкерлері мен қайырымды жандар көмек қолын созды. Қызылордалықтар жинаған 60 тонна азық-түлік пен киім-кешек, тұрмыстық заттар 8 көлікке тиеліп, Ақтөбеге жол тартты. Мұндай игілікті істен Қазалыдағы қайырымды жандар да шет қалмады.**

Облыс орталығынан шыққан қайырымдылық керуеніне Қазалы ауданы 10 тоннадан астам азық-түлік қосты. Атап айтқанда, 7 тонна күріш, 2 тонна макарон өнімдері, 500 келі ұн, 500 литр өсімдік майы және картоп, жуа, сәбіз, шекер, кәмпит секілді азық-түлік өнімдері жіберілді. Сондай-ақ, қазалылықтар киім-кешек пен тұрмыстық заттарды да жолдады.

«Табиғи апаттан зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында республиканың түкпір-түкпірінде қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып жатыр. Бұған Қазалы ауданы да айрықша атсалысып отыр. Қайырымдылық акциясына үлес қосқан аудан тұрғындарына, кәсіпкерлеріне, дербес бөлім басшыларына, балабақша меңгерушілеріне, мектеп директорларына және басқа да мекеме ұжымдарына рахмет айтқым келеді. Соның ішінде Қасқырбай Әлімбай, Мінәжадин Өтеев, Нұрлан Имандосов, Мерей Есқожаев сынды азаматтарға алғысымыз шексіз. Аудан тұрғындары шараға бір адамдай атсалысты», – дейді аудан әкімінің орынбасары Арман Қаржаубаев.

Сонымен қатар, қайырымдылық акциясы кезінде «Мұсаев», «Ырыс – Болашақ», «Орын–Ай» базарлары және басқа да сауда орындарындағы кәсіпкерлердің белсенділік танытқанын айта кеткен жөн.

**Ж.АЙЫМҚҰЛОВ.**

# ҮЗДІК ФАРМАЦЕВТ АНЫҚТАЛДЫ

**«Болашақ» медицина колледжінің «Фармация» мамандығы оқушыларының арасында «Үздік фармацевт-2017» байқауы өтті. Колледж қабырғасында игерген білім деңгейін анықтау, болашақ маман иесінің өз кәсібіне деген қызығушылығын, тәжірибелік ісмашығын, білім деңгейін арттыруды көздеген сайыс 2 кезеңнен тұрды.**

Бірінші кезеңде теориялық білім бағаланып, қатысушылар 4 пәннен тест тапсырды. Екінші, яғни тәжірибелік кезеңде қатысушылар 4 тапсырма орындады. Таныстырылымнан соң сұрақ-жауап кезеңі тартысты өтті.

Болашақ фармацевттер рецептуралық өндіріс бөлімінің күнделікті жұмысына қалай машықтанғандарын да көрсетті. Рецепт бойынша қатты немесе сұйық дәрілік формаларды дайындаудағы алған білімдерін тәжірибеде сынады. Сондай-ақ, байқауға қатысушылар гербарий бойынша дәрілік өсімдікті анықтап, оның химиялық құрамын, медицинада қолданылуы бойынша нұсқау берді.

«Фармакологиялық мозаика» бөлімінде сайысқа қатысушылар дәрілік препараттарды фармакологиялық тобы бойынша классификациялап, қолданылуы бойынша нұсқау беруден жинаған білімдерін сынға салды. Кез келген бір препаратқа рецепт жазып, болашақ мамандықтарына қалай дағдыланғандарын көрсетті.

Сайысқа қазылық еткен жергілікті фармкомпаниялардың басшылары мен «Болашақ» медицина колледжінің директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Кәрібай Төлеутайұлы студент-жастардың талабын жоғары бағалады.

Байқау жеңімпаздарына «Үздік фармацевт – 2017» жүлдесі, «Үшқыр ойлы фармацевт», «Тапқыр фармацевт» номинациялары, колледж директорының «Алғыс хаты» мен жүлделі сыйлықтар тапсырылды.

**М.МЕРЕЙ.**

● САЙЫС

# ҚАЛАМГЕРГЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР

Шиелі кентіндегі «Тастүлек» теннис клубында аудандық «Өскен өңір» газеті бас редакторының орынбасары болған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әшім Молдақаревты еске алуға арналған турнир өтті. Шараны аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов ашып, «Сыр медиа» ЖШС директорының бірінші орынбасары Марат Аралбаев және марқұмның туыстары сөз сөйледі.

Турнирде дойбы мен үстел теннисінен сайысқа түскен қатысушылардан 22 адам бақ сынасты. Тартысты сайыста үстел теннисінен I орынға «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы Т.Қасымов ие болса, II орынды «Шарайна-Сейхун» газетінен А.Аяпов, III орынды «Кызылординские вести» газетінің меншікті тілшісі М.Ибрашев қанжығасына байлады. Ал дойбы сайысы бойынша I орынды шиелілік М.Молдақараева, II орынды «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Ж.Әбдіраман алса, III орынды «Өскен өңірлік» Ж.Балғабаева еншіледі.

Жеңімпаздарға арнайы «Алғыс хаттар» мен бағалы сыйлықтар табысталды.

**Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.**
Шиелі ауданы.

## КҮН ҚАБАҒЫ

**Облыс бойынша 30 сәуір мен 5 мамыр аралығына апталық ауа-райы болжамы**

Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан шығысқа, оңтүстік-шығысқа ауысуымен 9-14 м/с, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10 С$^0$, кей жерлерде 2 С$^0$ жылыдан, 12-17 С$^0$ жылыға жоғарылайды, күндіз 18-23 С$^0$, кей жерлерде 15 С$^0$ жылыдан, 23-28 С$^0$, кей жерлерде 31 С$^0$ жылыға жоғарылайды.

* * *

**ДАБЫЛДЫ ЕСКЕРТУ**

**28-29 сәуірде** Қызылорда облысының кей жерлерінде топырақ бетінде 2 градус аяз үсік шалу күтіледі.

**«Қазгидромет» РМК**
**Қызылорда облысы бойынша филиалы.**

**Қызылорда облысының кәсіпкерлер Палатасы 2017-2021 жылдарға арналған өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясындағы «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша ОҚЫТУ КЕСТЕСІН ұсынады**

| № п/п | Кезеңдері | **Арал ауданы** Арал қ. Өткізілу орны: Бақтыбай батыр к-сі, 46, тел.:8/72433/79199 | **Қазалы ауданы** Әйтеке би кенті Өткізілу орны: Әйтеке би 9 «а», тел.:8/72438/79243 | **Қармақшы ауданы** Жосалы кенті Өткізілу орны: Т. Рысқұлов к-сі, 8, тел.:8/72437/79120 | **Шиелі ауданы** Шиелі кенті Өткізілу орны: Т. Рысқұлов к-сі, 5, 8/72432/79255 | **Жаңақорған ауданы** Жаңақорған кенті Өткізілу орны: А.Иманов к-сі, 134 «А», 8/72435/79120 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 ағым | Тестілеу 05.04.2017 ж. | Тестілеу 04.04.2017 ж. | Тестілеу 03.04.2017 ж. | Тестілеу 04.04.2017 ж. | Тестілеу 04.04.2017 ж. |
| | | Тестілеуден өткендер үшін оқыту 05 сәуір 2017 ж. мен 05 мамыр 2017 ж. аралығында. | | | | |
| 2 | 2 ағым | Тестілеу 15 мамыр 2017 жыл.<br>Тестілеуден өткендер үшін оқыту 17 мамыр 2017 ж. мен 15 маусым 2017ж. аралығында | | | | |
| 3 | 3 ағым | Тестілеу 23 маусым 2017 жыл.<br>Тестілеуден өткендер үшін оқыту 27 маусым 2017 ж. мен 26 шілде 2017 ж. аралығында | | | | |
| 4 | 4 ағым | Тестілеу 04 тамыз 2017 жыл.<br>Тестілеуден өткендер үшін оқыту 08 тамыз 2017 ж. мен 06 қыркүйек 2017 ж. аралығында. | | | | |
| 5 | 5 ағым | Тестілеу 15 қыркүйек 2017 жыл.<br>Тестілеуден өткендер үшін оқыту 19 қыркүйек 2017 ж. мен 18 қазан 2017 ж. аралығында | | | | |
| 6 | 6 ағым | Тестілеу 24 қазан 2017 жыл.<br>Тестілеуден өткендер үшін оқыту 26 қазан 2017 ж. мен 24 қараша 2017 ж. аралығында | | | | |

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы
БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарнылымдар газеттің түпнілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Жарнаманың шынайылығына редакция жауап бермейді.
Газет редакциялық компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"

Таралымы 29277
Тапсырыс № 519

# СУ АЙДЫНДАРЫНДА БАЛЫҚ КӨЛЕМІН АРТТЫРУДЫҢ ШАРАЛАРЫ

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушы М. Айнабековтің төрағалығымен балық шаруашылығы саласындағы мәселелері туралы 01.03.2017 жылы өткізілген № 17-7/19 жиналыс хаттамасы негізінде 10.03.2017 жылы Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының ұйымдастыруымен Қызылорда облысы бойынша аймақтық ғылыми-кәсіптік кеңес мүшелері тағайындалып, бекітілген кесте бойынша жұмыстар атқарылатын болады.

Соған сәйкес, «Арал-Сырдария» бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және (немесе) олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының жалпы аулау мөлшері бойынша және ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірленуде.

Қызылорда облысы бойынша аймақтық ғылыми-кәсіптік кеңестің мақсаты – «Арал-Сырдария» бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындарының және ондағы балық ауланатын учаскелердің балық өнімділігін анықтау, балық және өзге де су жануарларының лимитіне биологиялық негіздемелер жасау және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізу.

Сонымен қатар, «Арал-Сырдария» бассейніндегі негізгі кәсіптік балық түрлерінің қазіргі кездегі балық қорының жағдайын бағалау, балық қоры мен өзге де су жануарларының рұқсат етілетін шектеулі ауланатын мөлшеріне биологиялық негіздемелер жасау және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде ұсыныстар беріледі.

**Зерттеудің негізгі міндеттері:**

- зерттелетін ауданның гидрологиялық және гидрохимиялық режимін талдау;
- балықтың қоректік қорының жағдайын талдау;
- кәсіптік балық түрлері құрылымының көпжылдық динамикасын талдау;
- балықтың табиғи ұдайы өсіру жағдайын талдау;
- жайылым кезіндегі балықтың қоректенуін талдау;
- бассейн және су қойма бойынша кәсіптік ихтиофауна құрамын талдау (биотоп бойынша);
- кәсіптік және ғылыми балық аулау құралдарының мәліметтері бойынша кәсіптік аулау жүктемесін талдау;
- бассейн және су қойма бойынша зерттелетін аудан-да балық қоры мен өзге де су жануарларының жағдайын жыл сайынғы бағалау негізінде кәсіптік жағдайды талдау;
- балық аулаудың шектеулі ауланатын мөлшерін есептеу;
- балық аулаудың тиімді режимі бойынша ұсыныстар беру (аулар, жылымдар және т.б.) барынша кіші (минималды) өлшемдегі тор көзін бекіту, балық аулап дем алатын аймақ құру бойынша ұсыныстар;
- Үлкен Аралдың Тұщыбас, Чернышев шығанақтарындағы артемия (Artemia salina) шаянының цисталар қорын анықтау және шектеулі ауланатын мөлшерін есептеу;
- балық шаруашылығы су айдындарын және олардың аудандарын аса құндыларға жатқызу және нақты орындардың атаулары, географиялық координаттары көрсетілген карта сызбада белгіленген олардың шекараларын нақтылау бойынша биологиялық негіздемелер;
- балықтандырудың көлемдік, түрлік және жастық құрамы бойынша ұсыныстарын іске асыру болып табылады.

**Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы. Тел: 87243331966, тел/факс: 87242231961, электронды пошта: asmburh1@mail.ru**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазгермұнай» БК» ЖШС келесі жұмыс жобалары бойынша: «Ақшабұлақ кен орнындағы №442,443,444,445,446,452 және 453 ұңғымалардың сағасын жайластыра отырып шығу желілері», «Ақшабұлақ кен орнындағы №419,422,428 ұңғымалардың сағасын жайластыра отырып шығу желілері» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Өткізілетін орны мен күні: 2017жылдың 17 мамырында сағат 16.00-де Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 25 үй, «КРЭК» АҚ конференц-залы.

Барлық сұрақтар мен ұсыныстар **makpal877@mail.ru** поштасына хабарланады, байланыс тел.: 8 (7132) 90-82-41.

Барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға және қоғамдық бірлестіктерге осы жоба бойынша ақпаратты алуға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріледі.